



**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары  
Жеке қаржылық есептілік және  
тәуелсіз аудитордың есебі**

**31 желтоқсан 2016 ж.**

## Мазмұны

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есептілік .....	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есептілік .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есептілік .....	3
Ақша қаражаты қозғалысының жеке есебі .....	4

#### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ:

1	Самұрық-Энерго тобы және оның операциялық қызметі .....	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері .....	5
3	Жаңа есеп ережелері .....	10
4	Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер .....	13
5	Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар .....	20
6	Негізгі қорлар .....	22
7	Материалдық емес активтер .....	23
8	Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар .....	24
9	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер .....	25
10	Берілген несиелер .....	26
11	Басқа ұзақ мерзімді активтер .....	28
12	Дебиторлық берешек .....	28
13	Басқа қысқа мерзімді активтер .....	28
14	Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері .....	29
15	Акционерлік капитал .....	30
16	Несиелер .....	30
17	Қаржы кепілдері .....	32
18	Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер .....	33
19	Акционер алдындағы міндеттеме .....	33
20	Жалпы және әкімшілік шығыстар .....	33
21	Дивиденд бойынша табыстар .....	34
22	Қаржылық табыстар .....	34
23	Қаржылық шығыстар .....	34
24	Басқа операциялық шығыстар .....	34
25	Табыс салығы .....	35
26	Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер .....	38
27	Санаттар бойынша қаржылық құралдар .....	40
28	Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	40
29	Қаржылық құралдардың әділ құны .....	44
30	Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар .....	46



## *Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы*

«Самұрық-Энерго» АҚ акционеріне және директорлар кеңесіне

*Жеке қаржылық есептілік аудитінің нәтижесі бойынша аудиторлық қорытынды*

### *Пікір*

Біздің пікірімізше, тіркелген жеке қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ-тың (бұдан әрі «Компания») 2016 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

### **Аудит мәні**

Біз Компанияның жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы жеке есеп;
- есептік саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, жеке қаржылық есептілікке ескертулер.

### *Пікір білдіру үшін негіз*

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

### **Тәуелсіздік**

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттары Кеңесінің профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне сәйкес Компанияға тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

2 – бет

### Біздің аудит әдістемеміз

#### Қысқаша шолу

Компания пайдаланатын есептік процестер мен бақылау құралдарын, сонымен қатар өз қызметін жүзеге асыратын Компанияның сала ерекшелігін ескеріп, Компанияның есептік құрылымын толықтай ескеріп жеке қаржылық есептілік туралы ойымызды білдіруге жеткілікті көлемде жұмысты орындай алу үшін аудит көлемін осылайша анықтадық.



- Жалпы Компанияның қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 1,000,000 мың теңге, ол Компанияның барлық активтерінің баланстық құнының 0.15% құрайды.
- Біздің аудиттің көлемі Компанияның барлық активтерінің 80% қамтиды.
- Еншілес компанияларға жасалған инвестицияның құнсыздануы: *Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС станциясы* («ЕМАЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ («АЖК»), «Мойнақ СЭС» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ («АлЭС»).
- «Екібастұз 2-МАЭС станциясы (ЭМАЭС-2)» АҚ-ға жасалған инвестицияның құнсыздануы.
- Үздіксіз қызмет қағидасы.
- БЖЭС келешегі: инвестицияның құнсыздану тәуекелі және үлесті сатып алу міндетемесі.

Біздің аудит әдістемеміз маңыздылықты анықтауды және жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауды қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемеу тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

#### Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Олар маңызды болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында, олар шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе.





## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

3 – бет

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық, соның ішінде тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін жалпы топтық маңыздылық үшін. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында шоғырландырылған қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық, тұтастай алғанда.

---

*Жеке қаржылық есептіліктің деңгейіндегі жалпы маңыздылық* · 1,000,000 мың теңге

---

*Берілген деңгей қалай анықталды*

барлық активтерінің баланстық құнының 0.15% құрайды

---

*Маңыздылықтың қолданылған деңгейлеріне негіздеме*

Компанияның барлық активтерінің баланстық құнын маңыздылықты анықтау үшін базалық көрсеткіш ретінде қолдануға шешім қабылдадық, себебі осы көрсеткішті Компанияның қызметінің нәтижесін бағалау мақсатында пайдаланушылар өте жиі қарастырады деп есептейміз, және де ол көпшілік мақұлдаған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз 0.15% деңгейіндегі маңыздылықты орнаттық. Іс жүзінде, осы секторда инвестициялауға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданысқа ие сандық шектеу мәндерінің ауқымында 1% деңгейінде маңыздылық деңгейін орнатамыз, бірақ бұл жағдайда біз маңыздылық деңгейін 0,15% дейін қысқарттық, шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін маңыздылықты бағалау негізінде.

---

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудит негізгі мәселелері – біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас және осы есептілік туралы ойымызды құрғанда алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

4 – бет

### Аудиттің негізгі мәселелері

### Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды

*Еншілес компанияларға жасалған инвестицияның құнсыздануы:  
ЕМАЭС-1, АЖК, АлЭС және МСЭС*

*Жеке қаржылық есептіліктің 4 ескертуін қараңыз*

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайда жүргізілген талдауға сүйене отырып, Компания басшылығы төмендегі қорытындыға келді:

- а) АЖК-ның күрделі шығыстарын жабу үшін электр қуатының ағымдағы тарифтерінің жетіспеушілігі АЖК-ның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің (баланстық активтердің негізгі құрамдастары), тиісінше Компанияның АЖК-қа жасалған инвестицияларының мүмкін құнсыздану белгісі болып табылады.
- б) электр энергиясы нарығында бәсекелестіктің артуы, экономикалық өсудің тоқырауы және оның ЕМАЭС-1 электр энергиясының сатылу көлемінің өсуіне және болашақтағы тарифтеріне теріс ықпалын тигізуі негізгі құралдардың (баланстық активтердің негізгі құрамдастары), тиісінше Компанияның ЕМАЭС-1-ге жасалған инвестицияларының мүмкін құнсыздану белгісі болып табылады.
- в) басшылық АлЭС-ке жасалған инвестициялардың құнсыздану белгілерінің бар болуына талдау жасап, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайда құнсыздану белгілері жоқ деп қорытындылады.

Компания басшылығы тәуелсіз сарапшыларды ЕМАЭС-1, АЖК және АлЭС жасалған инвестицияның құнсыздануын тексеруге тартты, МСЭС жасалған инвестицияның құнсыздануын тексеруді өз күштерімен атқарды.

Біз басшылықтың еншілес компанияларға жасалған инвестицияның құнсыздануын тексеру үшін қолданған моделдерін алып, танысып және бағалап, сондай-ақ олардың әдістемесін және негізгі пайымдауларын бағаладық, және олардың бюджеттер мен бизнес-жоспарларға, сыртқы ақпараттарға және біздің сараптамаға сәйкестігін, саланың ерекшелігін назарға ескере отырып тексердік. Құнсыздануды бағалау барысында қолданылған әдістемеге және пайымдауларға қорытынды жасау мақсатында біз бағалау саласындағы өз сарапшыларымызды жалдадық.

Басшылық жүргізген инвестициялардың құнсыздануын бағалауға қатысты біз төмендегідей шараларды атқардық:

- а) басшылық тартқан тәуелсіз сарапшылардың біліктілігін, құзыреттілігін, іс-тәжірибесін және әділдігін бағалау;
- б) басқа топтардан дербес ақша қаражатының ағындарын тудыратын анықталатын активтер топтарын анықтау талдау;



**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

5 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
<p>Бұл ретте, алғашқы жарты жылдықтағы АЛЭС қызметінің нәтижелеріне сүйене отырып, негізгі құралдардың мүмкін құнсыздану белгісін көрсететін белгілі тенденциялар байқалды: жылу энергиясының сатылу көлемінің төмендеуі және 2016 жылы жылу энергиясының тарифінің жоспарланған артуын уәкілетті органдарының құптамауы. Сонымен қатар, шикізат құнының төмендеуі салдарынан болған қаржылық нарықтағы жалпы тұрақсыздық, Теңге бағамының тұрақсыздығы және өзге де факторлардың әсер етуімен, және де сезімталдық талдауларының сараптамасының көрсеткіші бойынша АЛЭС-тің негізгі құралдарының құнсыздануы тексеруінің 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нәтижелері сезімтал болып келді. Компания басшылығы 2016 жылғы 31 қазандағы жағдайы бойынша АЛЭС-ке салынған инвестициясының құнсыздануын тестілеу үшін тәуелсіз сарапшыны тартты. Осы мақсаттарда тәуелсіз сарапшы пайдалану құндылығын есептеу моделін құру арқылы ХҚЕС 36 «Активтердің құнсыздануы» стандарттарына сәйкес инвестицияның өтелетін құнын бағалады және құнсызданудың жоқтығы туралы қорытындыға келді .</p>	<p>в) тексеру жүргізу барысындағы басшылықтың негізгі пайымдауларының нақтылығы мен орындылығын тексеру;</p> <p>г) модельдердің басқа да кіріс мәліметтерін және оларды растайтын құжаттармен салыстыру, соның ішінде Даму Жоспары және Даму Жоспардың іс жүзіндегі нәтижелерімен салыстыру сияқты, егер олар орынды деп танылған жағдайда;</p> <p>д) құнсыздануға тексеруді бағалау мақсатында басшылықпен бірқатар сұхбаттарды жүргізу;</p> <p>е) негізгі жорамалдардың негіздемелі мүмкін өзгерістерінің ықпал етуін қарастыру.</p> <p>Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» талаптарына сәйкес жеке қаржылық есептіліктің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.</p>
<p>г) 2015 жылы теңгенің құнсыздану нәтижесінде, МСЭС Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкінен және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тан АҚШ долларында алған несиелері бойынша едәуір бағамдық айырмашылық таныды, сондықтан таза активтердің баланстық мөлшері теріс мәнге айналды, ол МСЭС-ке салған инвестициялардың құнсыздану факторы болып табылады.</p>	<p>Жүргізілген шаралардың нәтижесінде, біз мынадай қорытындыға келдік: қолданылған негізгі жорамалдар тиісті ағымдағы жағдайларға лайықты, қаржы есептілігінде көрсетілген МСЭС-ке салынған инвестициялардың құнсызданудан болған 5,399,598 мың тенге көлеміндегі шығын сомасы жеткілікті, ал ақпараттың ашылуы ХҚЕС (IAS) 36 "Активтердің құнсыздануы" талаптарына сәйкес келеді.</p>



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

6 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
-----------------------------	--

Жоғарыда аталған факторларды басшылық осы еншілес компанияларға салған инвестициялардың құнсыздануы мүмкін белгілері ретінде қарастырды.

Біз еншілес компанияларға жасалған инвестицияның құнсыздануына, олардың баланстық құнының маңыздылығын ескере отырып оларға ерекше назар аудардық (2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 533,424,495 мың теңгеге тең, ол Компанияның шамамен 80% активі), сондай-ақ осыған байланысты, басшылықтың инвестицияның пайдалану құндылығын бағалау күрделі мәселе болып табылады, себебі, ол еншілес компаниялардың болашақ нарықтық және экономикалық жағдайы мен қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты елеулі пайымдаулар мен бағалауларды қолдануға негізделген.

Инвестицияның пайдалану құндылығын анықтауда пайдаланылған негізгі жорамалдар электр энергиясын сату көлемі мен тариф болжамдарын қамтыды. Сонымен қатар, пайдалану құндылығын анықтауда негізгі жорамалдар ретінде өсу қарқыны және дисконт мөлшерлемесі болып танылды.

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

7 – бет

### Аудиттің негізгі мәселелері

### Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды

#### *Үздіксіз қызмет қағидасы*

#### *Жеке қаржылық есептіліктің 4-ескертуін қараңыз*

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайда Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері оның қысқа мерзімді активтерінен 91,161,762 мың теңгеге басым болды.

Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелерінің өсуі Компания еурооблигацияларының төлемін өтеу мерзімінің, яғни, 2017 жылдың желтоқсанының жақындауы болып табылады. Құны 500 млн. АҚШ долларын, немесе 166,645,000 теңгені құрайтын еурооблигациялар 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайда қысқамерзімді міндеттеме ретінде жіктелген.

Осылайша, 166,645,000 теңгені құрайтын 2017 жылдың желтоқсанында өтелетін еурооблигациялар, барлық қысқа мерзімді міндеттемелердің 66% құрайды. Бұл ретте, негізгі қызметтер бойынша кредиттік міндеттемелер мен басқа қысқа мерзімді кредиттік міндеттемелер едәуір төмендеген.

Біз Компанияның өз міндеттемелерін мерзімінде өтелуі үшін ақшалай қаражаттың қорлары жеткілікті болатындығына, және Компанияның үздіксіз қызмет қағидасына сәйкес өз қызметін жалғастыру мүмкіндігінде маңызды белгісіздіктердің бар болуына назарымызды аудардық

Компанияның қаржылық есептілікті дайындау барысындағы үздіксіз қызмет қағидасының орындылығын бағалау аясында, біз келесі рәсімдерді орындадық:

- Біз басшылықтан 2017 жылы күтілетін ақшалай ағымдарын алып және оны талдай отырып, олардың Компанияның міндеттемелерді өтеуге жеткіліктілігін атап өттік. Біз Компанияның 2017 жылы операциялық қызметтен түсетін ақшалай ағымының және еурооблигациялар мен басқа да қысқа мерзімді қарыздардың қайта қаржыландырылуы есебінен қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуді жоспарлайтындығын атап өттік.
- Компания еурооблигациялар бойынша қарыздарды қайта қаржыландырудың оңтайлы нұсқаларын әзірлеу үшін халықаралық сарапшыларды жалдады.
- Компания 2016 жылдың 9 желтоқсанында еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін ЕҚДБ-мен 100 миллион еуроны немесе 35,242,000 мың теңгені құрайтын қарыз келісімшартқа қол қойды.
- Компания 2017 жылы құны 30,000,000 мың теңгені құрайтын активтердің сатылуын күтеді. Қаржылық есептіліктің 8-ескертуін қараңыз.
- Жеке банктер еурооблигацияларды қайта қаржыландыру және де басқа мақсаттарға орай құны 40,000,000 мың теңгені құрайтын жаңартылатын несиелік желілерді ұсынуға даярлығын білдірді.



**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

8 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Біз сараптама жүргізу барысында Республиканың энергожүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін Компания және оның еншілес ұйымдарының стратегиялық маңыздылығына көңіл бөлдік.</li> </ul> <p>Компанияның басшылығымен талқылаудың және өткізілген рәсімдердің нәтижесінде, біз Компанияның жеке қаржылық есептілігінің бекітілген күнгі жағдайы бойынша, Компанияның еурооблигациялар бойынша қарызын өтеу үшін қосымша ақшалай қаражат түсуінің бірнеше нұсқаларының бар екендігін, сондықтан Компанияның үздіксіз қызмет қағидасы негізінде өз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән туғызатын маңызды белгісіздіктің жоқ екендігін қорытындыладық.</p>

*БЖЭС келешегі: инвестицияның құнсыздану қаупі және үлес сатып алу міндеттемесі*

*Қаржылық есептіліктің 4 және 7-ескертулерін қараңыз.*

«Балқаш ЖЭС» АҚ (ары қарай - «БЖЭС») Компанияның қауымдасқан компаниясы болып табылады. БЖЭС акционерлері Samsung C&T Corporation және Самұрық-Энерго АҚ болып табылады, және олардың қатысу үлесі тиісінше 50% + 1 акция және 50% - 1 акцияны құрайды. 2016 жылдың тамыз айында Samsung C&T Corporation ресми түрде БЖЭС акцияларын сатуға қатысты опцион пайдалануға, және БЖЭС құрылысына қатысты ЕРС келісім-шартын тоқтата тұру ниетін білдірді. Егер тараптар бірлескен кәсіпорынның қызметіне қатысты өзара ортақ келісімге келе алмаса, онда Компания БЖЭС акциясын сатып алу үшін 192 млн. АҚШ долларын төлеуге міндетті, және бұл ретте БЖЭС-ке жасалған инвестицияның құнсыздану қаупі бар.

Біз осы сұраққа қатысты хаттамаларды, басқа да құжаттарды және жеке қаржылық есептілікте көрсетілген ескертулерді алдық және де оларды талдадық.

Осының негізінде және Компанияның басшылығымен талдаулардың нәтижесінде, біз Компанияның Samsung C&T Corporation компаниясына қатысты келіссөздердің жалғасуына Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қолдау алғанын, сондай-ақ, Компанияның басшылығы мен Үкімет құзырлы өкілдерінің Samsung C&T Corporation компаниясымен бірқатар келіссөздер жүргізгенін атап өттік. Аталған келіссөздер осы есеп жүргізілген күнгі жағдайда әлі де жалғасу үстінде.

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)**

9 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
<p>Бұл сұрақ Компания үшін аса маңызды болып есептеледі, өйткені инвестицияның баланстық құны маңызды болып табылады (2016 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайда 32,085,280 мың теңгені құрайды), ал ол мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Самұрық-Қазына ҰӘҚ АҚ тарапынан жан-жақты қолдауды талап етеді.</p> <p>Біз өз назарымызды ХҚЕС сәйкес жеке қаржылық есептілікте ол мәселенің есепке алу орынддылығын және оған байланысты ақпараттың орынды ашылуына тоғыстырдық.</p>	<p>Біз Балқаш ЖЭС-ның құрылысының қаржылық моделін алып зерттедік және бағаладық, сондай-ақ, саланың ерекшелігін есепке ала отырып, модельде қолданылған әдістемесіне және негізгі жорамалдарға бағалау жүргіздік. Біз жобаның қаржылық моделінде қолданылған жорамалдар мен әдістемесіне қатысты қорытынды шығару мақсатында бағалау саласындағы өз сарапшыларымызды жұмылдырдық.</p> <p>Біз модельдегі негізгі жорамал БЖЭС пен KEGOC АҚ-тың (электр желілерін басқару компаниясы және Қазақстан Республикасы электр энергетикасының бірыңғай жүйесінің ұлттық операторы) арасындағы электр қуатын сатып алу туралы жасалған келісімшарт болып табылатынын, және де аталған келісім-шарт бойынша БЖЭС тарапына жасалынатын қуат үшін төлемдер осы жобаға жасалған инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ететінін атап өттік. Модельде қолданылған тарифтер қуат сатып алуға жасалған келісім-шартқа негізделген.</p> <p>Сондай-ақ, біз бұл жобаның жалғасуына негізгі шарт болып есептелінетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан жіберілген қолдау хаты екендігін атап өттік. Қазіргі уақытта, кредиторлар мен мемлекеттік органдар арасында жобаны қолдау хатының шарттарына қатысты келіссөздер жүргізіліп жатыр.</p> <p>Біз БЖЭС-ке жасалған инвестиция және Samsung C&amp;T Corporation сату опционына қатысты ақпаратты ашу мен есепке алу тәртібіне қойған ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы», ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер», ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» техникалық талаптарын қарастырдық.</p>

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

10 – бет

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты қандай аудиторлық процедуралар орындалды
	<p>Жүргізілген рәсімдердің нәтижесінде, инвестиция мен міндеттемелердің баланстық құнына біз қандай да бір түзетулер ұсынған жоқпыз.</p> <p>Біз аудиторлық қорытындының шығарылу күні жағдайында осы жобаның жалғасу шарттарына қатысты келіссөздер аяқталмағанын, және тиісінше, аталған шарттардың барлық тартылған тараптарға міндеттеу сипаты бар формасында бекітілмеген. Барлық жоғарыда айтылған мәселелерге қатысты болашақтағы оқиғаларды алдын ала болжау мүмкін емес болғандықтан, Компанияның инвестиция құнын түгелдей болашақта өтеуге, немесе оған қосымша міндеттемелердің пайда болуына деген белгісіздік орын алып отыр.</p> <p>Бұл ретте, аталған сұраққа қатысты жеке қаржылық есептіліктегі ақпараттың ашылуына көңіл бөлдік, және оны жеткілікті және орынды деп қорытындыладық.</p>

### *Өзге ақпарат*

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ жеке қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің жеке қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен жеке қаржылық есептілік немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

11 – бет

---

### *Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жеке қаржылық есептілікке жауапкершілігі*

Басшылық осы жеке қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және жауапсыз орындау әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Компанияны жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға, қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

---

### *Аудитордың жеке қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда жеке қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан жеке қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

12 – бет

- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Компанияның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда жеке қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Компанияның қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы жеке қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз;

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай-ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.





## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

13 – бет

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актпен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

Алматы, Қазақстан  
2 мамыр 2017 жыл

Бекітілді:

*[Signature]*  
Дана Инкарбекова

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС  
Басқарушы директоры

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005  
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

*[Signature]*  
Бауржан Бурханбеков

Осы аудиторлық қорытынды  
шығарылған аудит бойынша  
тапсырманың жетекшісі  
Аудитор-орындаушы  
(2006 жылғы 30 қазандағы №0000586  
Аудитордың Квалификациялық куәлігі)



**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы жеке есептілік**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескер.	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құрал-жабдықтар	6	620,644	839,024
Материалдық емес активтер	7	1,014,924	1,102,744
Еншілес компаниялар мен бірлесіп бақыланытын компанияларға инвестициялар	8	533,424,495	552,345,214
Берілген несиелер	10	35,712,236	48,608,373
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	11	3,516,718	3,118,461
<b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>574,289,017</b>	<b>606,013,816</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	12	-	2,103,822
Тауарлық-материалдық қорлар		22,397	29,905
Берілген несиелер	10	14,511,037	16,339,333
Басқа да қысқа мерзімді активтер	13	31,300,110	30,467,842
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	14	4,812,476	6,635,292
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	9	31,182,280	-
<b>Барлық қысқа мерзімді активтер</b>		<b>81,828,300</b>	<b>55,576,194</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>656,117,317</b>	<b>661,590,010</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	15	373,314,888	355,650,405
Басқа да резервтік капитал		91,668,501	91,668,501
Үлестірілмеген табыс (жабылмаған залал)		(49,725,062)	(39,940,758)
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ</b>		<b>415,258,327</b>	<b>407,378,148</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер	16	66,434,655	234,201,959
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	17	1,432,273	1,644,699
<b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>67,866,928</b>	<b>235,846,658</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер	16	170,832,678	14,299,257
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	18	907,798	2,826,048
Акционер алдындағы міндеттеме	19	1,174,065	1,174,065
Басқа да төленетін салықтар		77,521	65,834
<b>Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер</b>		<b>172,992,062</b>	<b>18,365,204</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>240,858,990</b>	<b>254,211,862</b>
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>		<b>656,117,317</b>	<b>661,590,010</b>

Басшылық атынан 2 мамыр 2017 жылы қол қойылды.

Қайрат Берікұлы Мақсұтов  
 Экономика және қаржы жөніндегі  
 асқарушы директор



Сәуле Бекзадақызы Төлекова  
 «Қаржы және салық есебі» департаментінің  
 директоры – Бас бухгалтер

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ****Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы жеке есептілік**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескер.	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Дивиденд бойынша табыстар	21	8,417,366	16,040,425
Басқа кірістер		19,834	957,776
Басқа шығыстар	24	(5,551,876)	(258,333)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(5,592,497)	(5,025,776)
<b>Негізгі қызметтен алынатын (шығыс)/пайда</b>		<b>(2,707,173)</b>	<b>11,714,092</b>
Қаржылық табыстар	22	6,411,270	22,758,425
Қаржылық шығыстар	23	(14,265,706)	(18,250,452)
Бағам айырмашылығынан болған залалды шегергендегі пайда/(шығыс)		3,091,045	(55,166,652)
<b>Салық салуға дейінгі (шығыс)/пайда</b>		<b>(7,470,564)</b>	<b>(38,944,587)</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	25	(272,740)	(277,567)
<b>Жалғастырылатын қызметтен алынған жыл ішіндегі (шығыс)/пайда</b>		<b>(7,743,304)</b>	<b>(39,222,154)</b>
Тоқтатылған қызметтен алынған жыл ішіндегі пайда	8	-	2,469,307
<b>Барлығы жыл ішіндегі (шығыс)/пайда</b>		<b>(7,743,304)</b>	<b>(36,752,847)</b>
Басқа жиынтық табыс		-	-
<b>Барлық жыл ішіндегі жиынтық (шығыс)/пайда</b>		<b>(7,743,304)</b>	<b>(36,752,847)</b>

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп**

		Акционерлік капитал	Басқа резервтік капитал	Үлестірілмеген табыс/ (Жабылмаған залал)	Капитал жиыны
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		<i>Ескер.</i>			
<b>2015 жылдың 1 қаңтарына қалдық</b>		<b>355,364,386</b>	<b>19,086,598</b>	<b>2,767,227</b>	<b>377,218,211</b>
Жылдық залал		-	-	(36,752,847)	(36,752,847)
Барлық жылдық жиынтық табыс		-	-	(36,752,847)	(36,752,847)
Акционерлік капиталдың көбеюі	15	286,019	-	-	286,019
Самұрық-Қазынадан алған заемды алғашқы танудан түсетін табыс	16	-	72,581,903	-	72,581,903
Акционерге басқа үйлестірулер	19	-	-	(1,174,065)	(1,174,065)
Дивидендтер төлеу		-	-	(4,781,073)	(4,781,073)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына қалдық</b>		<b>355,650,405</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(39,940,758)</b>	<b>407,378,148</b>
Жылдық залал		-	-	(7,743,304)	(7,743,304)
Барлығы жылдық жиынтық залал		-	-	(7,743,304)	(7,743,304)
Акционерлік капиталдың көбеюі	15	17,664,483	-	-	17,664,483
Дивидендтер төлеу		-	-	(2,041,000)	(2,041,000)
<b>2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық</b>		<b>373,314,888</b>	<b>91,668,501</b>	<b>(49,725,062)</b>	<b>415,258,327</b>

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп**

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескер.	2016 ж.	2015 ж.
<b>Операциялық қызметтер бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Салық салғанға дейінгі пайда залал		(7,470,564)	(38,944,587)
Түзетулер:			
Дивидендтер бойынша табыстар	21	(8,417,366)	(16,040,425)
Тозу және амортизация		344,764	311,444
Қаржылық шығыстар	23	14,265,706	18,250,452
Қаржылай табыстар	22	(6,411,270)	(22,758,425)
Айырбас бағамынан түскен пайда /(залал)		(3,091,045)	55,166,651
Активтерді құнсыздандыру бойынша залалдар	24	5,530,870	5,441
Активтің істен шығуынан болған залалдар		33	194,678
Басқа табыс		(151)	(59,981)
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтерде қолданылған ақша қаражаттары:</b>		<b>(5,249,023)</b>	<b>(3,874,752)</b>
Тауар-материалды қорлардың көбеюі/ (азаяуы)		5,030	18,594
Дебиторлық берешектің және басқа қысқа мерзімді активтердің көбеюі/ (азаяуы)		(252,439)	(2,759,861)
Басқа кредиторлық берешектердің көбеюі/азаяуы		(1,961,640)	4,361,908
Басқа салықтар бойынша несиелердің азаяуы		(78,204)	(253,602)
<b>Операциялық қызметтерде қолданылатын ақша қаражаты</b>		<b>(7,536,276)</b>	<b>(2,507,713)</b>
Төленген табыс салығы		(272,740)	(277,568)
Алынған дивидендтер		8,650,684	16,632,948
Төленген пайыздар		(9,976,540)	(16,571,452)
<b>Операциялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(9,134,872)</b>	<b>(2,723,785)</b>
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Негізгі қорлар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(169,926)	(1,741,497)
Қауымдасқан ұйымдардан үлестерді сатып алу		(12,483,260)	(8,906,910)
Қауымдасқан ұйымдардан үлестерді сатудан түскен түсімдер		2,194,110	370,396
Еншілес компанияларды сатудан түскен түсімдер		154,717	-
Еншілес компанияларға және бірге бақыланатын кәсіпорындарға берілген несиелер мен қаржылай көмек		(3,621,309)	(5,739,271)
Берешектік құралдарды сатып алу		(4,500,000)	(12,984,109)
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына салым		(5,805,512)	(6,306,761)
Банктік салымдарды орналастыру, нетто		(1,354,621)	15,709,993
Алынған пайыздар		5,389,270	4,772,498
Еншілес компанияларға және бірге бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмекті жабудан түскен түсімдер		6,528,508	2,539,091
Қаржылық құралдарды сатудан түскен түсімдер		-	2,369,001
Қаржылық құралдарды төлеуден түскен түсімдер		16,279,276	6,163,000
Өзге		-	(459)
<b>Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақшалай қаражаттар</b>		<b>2,611,253</b>	<b>(3,755,028)</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Акция шығарудан түскен түсімдер	15	17,664,483	-
Облигацияларды төлеу		-	(2,970,000)
Несиелер бойынша түсімдер		1,882,800	68,498,000
Несиелерді төлеу		(10,698,000)	(56,743,000)
Самұрық-Қазынадан алған несиелерді төлеу		(2,381,109)	(2,381,109)
Төленген дивидендтер		(2,041,000)	(4,781,073)
Өзге операциялар		(77,362)	(800,234)
<b>Қаржылық қызметтен алған таза ақша қаражаты</b>		<b>4,349,812</b>	<b>822,584</b>
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттеріне валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруінің әсері		350,991	3,011,441
<b>Ақша қаражатының және олардың эквиваленттерінің таза (азаяуы)/көбеюі</b>		<b>(1,822,816)</b>	<b>(2,644,788)</b>
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>14</b>	<b>6,635,292</b>	<b>9,280,080</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>14</b>	<b>4,812,476</b>	<b>6,635,292</b>



## **1 Самұрық-Энерго тобы және оның операциялық қызметі**

«Самұрық-Энерго» (әрі қарай «Компания») 2007 жылдың 18 сәуірінде құрылып, 2007 жылдың 10 мамырында тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңына сәйкес акционерлік қоғам түрінде құрылған.

Компанияның жалғыз акционері болып Компанияның 100% пайыз акциясының иесі «Самұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (әрі қарай - «Самұқ-Қазына») табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

### **Негізгі қызметі**

Компания қызметінің негізгі түрлері электр- және жылу энергиясын және ыстық су өндіру және оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау және желідегі электр энергиясын техникалық үлестіру, электр станцияларын салу, сонымен қатар су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алумен баланысты қызметтерді жүзеге асыратын бірнеше компанияларды біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі - Компания) болып табылады (6-ескертепте).

Компанияның мекен-жайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы. Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері**

### **Қаржылық есептілікті дайындау негізі**

Осы жеке қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржы құралдардарын алғашқы тану кезінде алғашқы құнымен бірге түзетулерді бағалау қағидатына байланысты қаржылық есептіліктің Халықаралық стандартына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған. Әрі қарай жеке қаржылық есептілікті дайындауда қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері ұсынылады. Бұл есеп саясатының ережелері ұсынылған мерзімдердің барлық есептіліктеріне қатысты жалғаспалы қолданылды.

Компания осы жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін дайындады.

Компания, сонымен қатар, Компанияға және оның еншілес компанияларына (әрі қарай «Топ») қатысты ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындады. Жеке қаржылық есептілікте дауыс беретін акциялардың жартысынан көбі Топқа тура немесе жанама тиесілі немесе Компания басқаша түрде олардың қаржылық және операциялық саясатын бақылай алатын, компания деп анықталған еншілес компаниялардың операциялары толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есебі келесі мекен-жайда орналасқан Компания кеңсесінде алынуы мүмкін: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 15А.

Қаржылық жағдай, операциялық қызметтердің нәтижелері және жалпы Компанияның қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық ақпаратты алу мақсатында қолданушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы жағдайға қарай және 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін шоғырланған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС сәйкес, қаржылық есептілікті дайындау бағалар мен ұсыныстарды пайдалануды талап етеді. Ол сонымен қатар басшылықтан Компанияның есептік саясатын қолдану үрдісінде кәсіби пікірлерді пайдалануды талап етеді.

### **Айырбас бағамдары**

2016 жылдың 31 желтоқсанына шетелдік валютада көрсетілген, қалдықтарды қайта есептеуде қолданылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 333,29 теңгені құрады (2015ж. 31 желтоқсаны: 1 АҚШ долларына 340.01 теңге). Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тысқары аймақтарда еркін айырбасталымды валюта болып табылмайды.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### **Негізгі қорлар**

#### *(i) Мойындау және келесі бағалау*

Негізгі қорлар есепке алуда егер қажет болса, жинақталған тозу мен құнсыздану қорды шегергендегі алғашқы құнымен көрсетіледі. Алғашқы құн импортқа баж алымын және саудалық шегерімдер мен қайтарып беруді алып тастағандағы сатып алу бойынша орны толмайтын салықтарды қоса алғанда, сатып алу құнынан, активті қажетті жеріне жеткізумен және мақсатты белгісі үшін жұмыс жағдайына көшірумен тікелей байланысты кез келген шығындардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен дайындалған немесе қайта жаңғырған негізгі қорлардың нысандарының алғашқы құны шығындалған материалдардан, орындалған өндірістік жұмыстардан және өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігінен тұрады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енеді немесе Компания осы активті пайдаланудан экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайда және оның құны сенімді бағаланатын болса, шоғырландырылған актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөлігінің балансық құны шығынға жазылады. Жөндеу жұмыстарына және техникалық қызмет көрсетуге кететін барлық басқа активтер пайда болу шамасына қарай есеп беру кезеңіндегі пайдаға және залалға жатқызылады.

Негізгі қорлардың істен шығуынан келетін пайда немесе залал алынған төлем мен олардың баланстық құнының айырмашылықтарының сомасында, басқа операциялық табыстар немесе шығындар құрамында бір жылдық кіріс немесе залалда көрсетіледі.

#### *(ii) Тозу*

Негізгі қорлардың басқа нысандарының тозуы олардың алғашқы құнынан олардың пайдалы пайдалану мерзімі барысында жойылу құнына дейін бір қалыпты есептен шығару әдісі бойынша есептеледі, оның ішінде:

Пайдалы пайдалану мерзімі  
(жыл саны)

Басқа негізгі қорлар

3 – 10

Активтің жойылу құны оның жасы мен пайдалы пайдалану мерзімінің соңында күтілетін техникалық жағдайы сәйкес келіп тұр деген топшыламаға байланысты, Компания осы сәтте сату шығынын шегеріп тастағандағы активті сатудан алатын мүмкіндігі бар соманы бағалауды көрсетеді. Егер Компания нысанның физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін оны пайдалануды қаласа, онда активтің жойылу құны нөлге тең. Активтердің жойылу құны мен олардың пайдалы пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болған жағдайда, әр есеп беру кезеңінің соңында түзетіледі.

#### *(iii) Құнсыздану*

Әр есеп беру кезеңінің соңында басшылық негізгі қорлардың құнсыздану белгісі болуын анықтайды. Егер ең болмаса осындай бір белгі анықталса, басшылық ең үлкен екі шамамен: активті сату шығындарын шегергендегі әділ құнымен және оны пайдалану құндылықтарымен анықталатын өтеу құнын бағалайды. Активтің теңгерімдік құны өтеу құнына дейін азаяды; құнсызданудан келген залал бір жылдық кіріс немесе залалда көрсетіледі. Өткен есеп беру кезеңінде танылған, активтің құнсыздануынан келген залал егер активті пайдалануда құндылықтарды немесе сату шығындарын шегергендегі әділ құнын анықтауда салынған есептік бағалаулар өзгерсе, қалпына келеді.

### **Материалдық емес активтер**

Компанияның барлық материалдық емес активтерінде пайдалы пайдаланудың белгілі бір мерзімдері бар және олар көбінесе капиталданған бағдарламалық жасақтамаға енгізіледі. Сатылып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға кеткен және пайдалануға енгізген шығындар сомасында капиталданады. Барлық материалдық емес активтер басшылықтың 3 жылдан 5 жылға дейін бағалаған, олардың пайдалы қолданылу мерзімі бойында турасыздықты әдіспен амортизацияланады.

Құнсыздану жағдайында материалдық емес активтердің баланстық құны ең үлкен шамаларға: оларды пайлану құндылықтарына және сатуға кеткен шығындарды шегеріп тастағандағы әділ құнына дейін есептен шығарылады.

### **Еншілес компанияларға және біріккен кәсіпорындарға инвестициялар**

Осы шоғырландырылғын қаржылық есептіліктің мақсаты үшін осындай инвестицияларды есептегенде Компания қордың құнсыздануына шегергендегі алғашқы құн әдісін қолданады.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

### **Қаржы құралдары**

#### *(i) Бағалаудың негізгі шарттары*

Компанияның қаржылық құралдары төменде жазылғандай амортизациялық құн бойынша есептеледі.

Амортизацияланған құн есептелген пайыздарды қоса, негізгі қарызды шегергендегі активтің алғашқы құнын, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан болған шығынды кез-келген есептен шығаруды шегергендегі алғашқы құнын көрсетеді. Есептелген пайыздарға мәміле бойынша шығындарды алғашқы танығандағы мерзімі кейінгі қалдырылғандардың амортизациясы, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қоладанғандағы өтеу сомасынан дисконт немесе кез келген сыйлықақылар жатады.

Аударылған купондық табысты және амортизациялық дисконтты немесе сыйақыны (мұндай бар болғанда, комиссияға ұсынғанда кейінге қалдырылғанмен бірге) қоса есептелген пайыздық табыстар және есептелген пайыздық шығындар жеке-дара көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептіліктің сәйкес баптарының баланстық құнына қосылады.

Мәміле бойынша шығындар қосымша шығындар болып табылады және ол қаржы құралын сатып алумен, шығарумен немесе істен шығарумен тікелей байланысты. Қосымша шығындар – бұл мәміле жасалмаса, болмайтын шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттерге (сауда агенттері ретінде қатысатын қызметкерлерді қоса) кеңесшілерге, брокерлерге және дилерлерге төлеген сыйақылары мен комиссиялық сыйақылары, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сонымен қатар меншікті табыстауда алынатын салықтар мен алымдар жатады. Мәміле бойынша шығындарға несиелік міндеттемелер бойынша сыйақылар мен дисконттар, қаржыландыруға кеткен шығындар, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтауға кеткен шығындар жатпайды.

Пайызды тиімді мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың теңгерімдік құнын тұрақты пайыздық мөлшерлемемен (тиімді пайыздық мөлшерлемемен) қамтамасыз ету мақсатында сәйкес мерзім ішінде пайыздық табыс немесе пайыздық шығынды мойындау әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін әрекет ету мерзіміне, немесе қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімде сәйкес жағдайларда, келешектегі есептік ақша төлемдерін немесе түсімдерді (несие бойынша келешектегі залалдарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы көрсетілген құрал үшін құбылмалы мөлшерлеме бойынша несиелі спредті көрсететін немесе нарықтық мәнге тәуелді бекітілмейтін, басқа ауыспалы факторлар бойынша сыйлықақылар мен дисконттарды қоспағанда, пайыздың келесі өзгертін күніне дейін құбылмалы мөлшерлемемен құралдар бойынша ақша ағымын дисконттау үшін қолданылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құрал айналымының барлық күтілетін мерзімі ішінде амортизацияланады. Дисконтталған құнның есебі тиімді пайыздық мөлшерлеменің бөлінбейтін бөлігін құрайтын келісім-шарттың тараптарынан алынған немесе төленген барлық комиссиялық сыйақыларды қамтиды.

#### *(ii) Қаржылық активтердің жіктелуі*

Компанияның қаржылық активтері несиелер мен дебиторлық берешектерді қамтиды. Басшылық өз қаржылық активтерінің жіктелуін алғашқы мойындау кезінде анықтайды.

Несиелер мен дебиторлық берешектер белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін, Компания жақын уақытта сата қоймайтын, белгіленген немесе анықталатын төлемдерден басқа өндірілмейтін қаржылық активтерді көрсетеді. Олар өтеу мерзімі есеп беру кезеңінен кейін 12 айдан аспайтын несиелер мен дебиторлық берешектерден басқа қысқа мерзімді активтерді қамтиды. Олар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

#### *(iii) Қаржылық міндеттемелердің жіктелуі*

Компанияның қаржылық міндеттемелері амортизациялық құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелерді көрсетеді.

#### *(iv) Қаржы құралдарын алғашқы тану*

Қаржылық активтер мен міндеттемелер алғашқыда мәміле бойынша шығындарды шегергеннен кейінгі әділ құны бойынша танылады. Алғашқы тану кезінде әділ құнды анықтаудың ең оңтайлы негізі болып мәміле бағасы табылады. Егер мәміле бағасы мен сондай құралдармен басқа қолжетімді ағымдағы нарықтық мәмілелермен салыстыру жолымен, немесе тек бар нарықтардың мәліметтерін өзгермелі ретінде қолданатын бағалау әдістемесінің көмегімен анықталған әділ құн арасында айырмашылық болса, пайда немесе залал алғашқы тану кезінде мойындалады.

**2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)***(v) Қаржылық активтерді тануды тоқтату*

Компания (а) қаржылық активтері сатылып алынған немесе қаржылық активтері бойынша ақша қаражатының ағымына талап қоюдың келісім-шарт құқықтарының мерзімі аяқталғанда; немесе (б) Компания қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағымын алуға келісім-шарттық құқық бергенде немесе активті табыстау туралды біліктірілген келісімді жасағанда, бұнда і); активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың маңызды бөлігін бермейтін жағдайда, немесе ii) және қаржылық активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың маңызды бөлігін өзі бермейтін және сақтамайтын, бірақ осы қаржылық активтерді бақылауды сақтамайтын жағдайда активті беру туралы білікті келісім жасағанда қаржылық активтерді мойындауды тоқтатады. Егер контрагент бұндай активті табыстау процесіне қосымша шектеулер белгілемей, онымен байланысты емес үшінші тарапқа толық көлемде сатып бере алмаса, бақылау сақталған деп есептеледі.

*(vi) Өзара есепке алу*

Қаржылық активтер және міндеттемелер есепке алынады, және шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есеп беруде көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізудің заңды бекітілген құқығы болған жағдайда ғана, сонымен қатар не өзара есепке алуды жүргізуге, не бір уақытта активті жүзеге асырып, міндеттемелерді реттеуге ниет болғанда ғана оның таза шамасы көрсетледі.

**Жеткізушілерге берілетін аванстар**

Жеткізушілерге аванстар құнсызданудан қорды шегергендегі алғашқы құн бойынша есептілікте көрсетіледі. Аванстар, егер оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан асатын болса, немесе егер аванстар есепте алғашқы мойындауда ұзақ мерзімді деп көрсетілетін активтерге жатса, онда олар ұзақ мерзімді деп жіктеледі. Компания осы активтерді бақылауға алғанда және Компания олармен байланысты келешек экономикалық пайда ала алу ықтималдығы болғанда, активтерді сатып алуға кететін аванстардың сомасы олардың теңгерімдік құнына кіреді. Басқа аванстар оларға жататын тауарлар немесе қызметтерді алғанда есептен шығарылады. Егер авансқа жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбаса, аванстардың баланастық құны азаяды, және құнсыздануға сәйкес, шығын бір жылдық кіріс және шығын арқылы көрінеді.

**Тауарлық-материалдық қорлар**

Тауарлық-материалдық қорлар ең аз екі мөлшер арқылы есептеледі: өзіндік құн және сатудың таза бағасы. Қорлардың өзіндік құны «first in first out» («ФИФО») әдісі бойынша анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны шикізаттар мен материалдар құнын, өндірістік жұмыскерлердің еңбек ақысын, сонымен қатар өндірістік жүктемесінің сәйкес үлесін қамтиды, және қарыз қаражаттары бойынша шығындарды қамтымайды. Сатудың таза бағасы – бұл өндірістің аяқталуындағы шығындар мен тарату бойынша шығындарды алып тастағандағы қалыпты қызмет үрдісінде мүмкін болатын сатудың есептік бағасы.

**Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері**

Ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне кассадағы ақша қаражаты және ағымдағы банк есеп шотындағы қаражаттар кіреді. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолданып, есептелген амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Қолданылуы шектелген ақша қаражатының қалдықтары ақша қаражатының қозғалысы туралы есептілікті құрастыру мақсатында ақша қаражаты мен олардың баламаларының құрамынан шығарылып тасталады. Айырбас операцияларына немесе есеп беру кезеңінен кейін ең аз дегенде он екі ай бойы міндеттемелерді жабу үшін қолдануға шектеу қойылған ақша қаражаты басқа ұзақ мерзімді активтер құрамына енгізіледі; есеп беру кезеңінен кейін үш айдан көп, бірақ он екі айдан аз уақыт ішінде шектеуі бар ақша қаражаттаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

**Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер**

Ұзақ мерзімді активтер мен істен шыққан топтар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтері болуы мүмкін), егер есеп беру кезеңінен кейін 12 ай ішінде сатудың арқасында олардың теңгерімдік құнының орны жабылса, онда қаржылық жағдай туралы есеп беруде «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, және істен шыққан топтар» деп көрсетіледі. Активтердің жіктелуі төменде көрсетілген барлық шарттар болған жағдайда өзгереді: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайларында жылдам сатылуға дайын; (б) Компания басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша әрекет ететін бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісіп кетті; (в) активтердің ағымдағы әділ құнымен салыстырғанда дәйекті болып табылатын баға бойынша сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сатылым бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі, және (д) сату жоспарында немесе оны жоюға едәуір өзгерістер күтілмейді.

## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Ағымдағы есеп беру кезеңінде қаржылық жағдай туралы есеп беруде сату үшін арналған деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен істен шығару топтары басқа санатқа ауыстырылмайды және ағымдағы есеп беру кезеңінің соңына жіктелімімен сәйкестендіру үшін қаржылық жағдай туралы есептіліктің салыстырмалы мәліметтерін ұсыну түрін өзгерпейді.

### **Акционерлік капитал**

Қарапайым акциялар капитал сияқты жіктеледі. Жаңа акция шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар түсімдер сомасынан салықты алып тастағандағы шегерім ретінде капитал құрамынан көрінеді. Компанияның Директорлар Кеңесінің шешімімен акцияны әр жеке шығарғанда әр акцияның құны, сонымен қатар заңға сәйкес акция саны да анықталады.

### **Несиелер**

Несиелер алғашқыда мәміле бойынша шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша көрсетіледі, және одан кейін амортизациялық құн бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттар сомасы (мәміле бойынша шығындарды шегергендегі) мен өтеу құны арасындағы айырмашылық пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолданып, кезең бойы кіріс және залалға мойындалады.

Нарықтық емес жағдайда акционерлерден алынған заемды ескергенде, Компания бір жылдық кіріс және залалды алғашқы мойындаудан түсетін табысты табыс деп немесе тікелей капиталдағы капиталға салым деп көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есеп тәртібі барлық ұқсас операцияларға тізбекті қолданылады және қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсаты бойынша пайдалануға немесе сату үшін едәуір уақытты қажет ететін, сатып алуға, активтер құрылысына немесе өндірісіне тікелей қатысты несиелер бойынша шығындар (әрі қарай «белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер») капиталдандырылады. Несиелер бойынша басқа шығындар пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы шығындар құрамында мойындалады. Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша капиталды шығындар шығармаса, болдырмауға мүмкіндік болатындай несиелер бойынша шығындарды капиталдайды. Капиталдаудың бастапқы күні төмендегі жағдайларда басталады: (а) Компания белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша шығындарды өзі алады; (б) несиелер бойынша шығындарды алады; және (в) активті оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті іс-шараларды жүргізеді. Белгілі бір талаптарға жауап беретін активтерді оның мақсатты қолданылуына немесе сатылуына дайындауға қажетті барлық іс-шаралар аяқталғанда капиталдандыру тоқтатылады.

Компанияда есеп беру кезінен кейін міндеттемелер бойынша есептесу мерзімін он екі айдан кем емес мерзімге ауыстыруға сөзсіз құқық болмағанда, несиелер қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

### **Кредиторлық берешек**

Кредиторлық берешек контрагенттің өзінің келісім-шарт міндеттемелерін орындау фактісі бойынша аударылады. Кредиторлық берешек алғашқыда әділ құн бойынша көрінеді, одан кейін пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін қолданып, амортизациялық құн бойынша ескеріледі.

### **Еңбек ақы шығындары және онымен байланысты аударымдар**

Еңбек ақы шығындары, зейнет ақы аударымдары, әлеуметтік сақтандыру қорына салымдар, жыл сайынғы төленетін демалыс және сырқаттану төлемдері, сыйақылар мен сенімсіз жеңілдіктер Компанияның қызметкерлерінің жұмыстарын сәйкесінше орындағандарына қарай аударылады. Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес, Компания өз жұмыскерлерінің атынан осындай зейнетақы және демалыстық жәрдемақы ұстап қалады. Жұмысшылар зейнеткерлікке шыққанда Компанияның қаржылық міндеттемелері тоқтайды, және барлық төлемдер мемлекеттік және жеке меншік жинақтаушы зейнетақы қорларымен жүргізіледі.

### **Табыс салығы**

Осы жеке қаржылық есептілікте табыс салығы есеп беру кезеңінде қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңына сәйкес көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және егер олар басқа жиынтық табыстар құрамында немесе, осы немесе басқа кезеңде басқа жиынтық табыс құрамында немесе, тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатқызыландықтан капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, бір жылдық кіріс немесе залалда көрсетіледі.



## **2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**

Ағымдағы салық ағымдағы немесе өткен кезең үшін салынатын кіріс немесе залалға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеу немесе орнын толтыру үшін топшыландырылған соманы көрсетеді. Салық салынатын кіріс немесе залалдар, егер сәйкес салық декларацияларын беруге дейін қаржылық есептілік бекітілсе, бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан басқа салықтан, операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

### **Қаржылық кепілдер**

Қаржылық кепілдер – компаниядан егер тиісті дебитор қарыз құрлының шарттары бойынша уақытылы төлемді жүргізбесе, кепілді ұстауға залалдарды өтеу бойынша нақты төлемдерді жүзеге асыруын талап ететін кері қайтарылмайтын шарттар. Бастапқыда қаржылық кепілдер әдетте алынған комиссияның сомасына тең болатын әділ баға бойынша көрсетіледі.

Аталған сома кепілдің әрекет ету мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Кепілдер әрбір есептік кезеңге екі соманың ең үлкені бойынша бағаланады: (i) алғашқы тану кезінде көрсетілген амортизацияланбаған соманың; және (ii) есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындар сомасын озық бухгалтерлік бағалау.

### **Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер**

2016 жылы ішінде Компания ақша құралдарының қозғалысы туралы есепте несиелер бойынша төленген капиталдандырылған шығындардың жіктелуін өзгертті. Компания бұндай өзгеріс сенімді және неғұрлым орынды ақпаратты қамтамасыз ететді деп санайды. ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес, өзгеріс ретроспективті енгізілді және салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде түзетілді.

## **3 Жаңа есеп ережелері**

*Жаңа және қайта қаралған Халықаралық қаржылық есеп стандарттарын (ХҚЕС) қолдану*

Төменде берілген өзгертілген стандарттар Компания үшін 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды, бірақ Компанияға елеулі әсерін тигізген жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары» (2014 жылдың қаңтарында шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Бірлескен операцияларда қатысу үлестерін сатып алу бойынша мәмілелерді есепке алу» – ХҚЕС-ке (IFRS) 11 түзетулер (2014 жылғы 6 мамырда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясын есептеудің қолайлы әдістерін түсіндіру» - ХҚЕС-ке (IAS) 16 және ХҚЕС-ке (IAS) 38 түзетулер (2014 жылғы 12 мамырда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Ауыл шаруашылығы: ХҚЕС-ке (IAS) 16 және ХҚЕС-ке (IAS) 41 түзетулер - «Ауыл шаруашылығы: Жеміс беретін өсімдіктер» (2014 жылғы 30 шілдеде шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жетілдіруер, 2014 жыл (2014 жылғы 25 қыркүйекте шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Ақпаратты ашу» - ХҚЕС-ке (IAS) 1 түзетулер (2014 жылғы желтоқсанда шығарылды және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

*Жаңа стандарттар және түсіндірулер*

2017 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған Компанияның жылдық кезеңдері үшін міндетті болып табылатын жаңа стандарттар мен түсіндірмелердің бірқатары жарияланды:

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

**ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар: Жіктеу мен бағалау» (2014 ж. маусымда енгізілген өзгерістермен, 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).** Жаңа стандарттың негізгі ерекшеліктері мыналарға негізделеді:

- Қаржылық активтер бағалаудың үш санаты бойынша жіктелуі тиіс: кейіннен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, кейіннен өзгеруі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар, сондай-ақ, өзгеруі кіріс немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатындар.
- Борыштық құралдарды жіктеу қаржылық активтерді басқару бойынша кәсіпорынның бизнес-моделіне және келісіммен қарастырылған ақшалай қаржы ағындары негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдер ғана болып табылатынына байланысты болады. Егер борыштық құрал ақша алуға арналса, ол амортизацияланған құн бойынша ескерілуі мүмкін, егер бұл ретте ол да негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастырса.
- Тек негізгі қарыз немесе пайыздардың есебіне төлемдерді ғана қарастыратын және портфельде ұсталатын борыштық құралдар кейіннен басқа жиынтық кіріс құрамында әділ құн бойынша бағаланатын ретінде классификациялануы мүмкін, егер кәсіпорын оларды активтер бойынша ақша ағындарын алу үшін ұстап отырса, және активтерін сатса.
- Негізгі қарыз бен пайыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша қаражаты жоқ қаржылық активтерді өзгеруі кірістің немесе шығынның құрамында көрсетілетін (мысалы, туынды қаржы құралдары) әділ құн бойынша бағалау керек. Кіріктірілген қаржы құралдары енді қаржы активтерінен бөлінбейді, бірақ негізгі қарыз бен пайыздардың есебіне төленетін төлемдер ғана қарастырылған шарттарды бағалау кезінде ескеріледі.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрқашан да әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Бұл ретте өкрал саудаға арналмаған болса, басшылық басқа жиынтық кіріс құрамында өзгертуге жатпайтын әділ құнның өзгеруін көрсету туралы шешім қабылдауы мүмкін. Егер борыштық құрал саудаға арналса, онда әділ құнның өзгеруі кірістің немесе шығынның құрамында көрсетіледі.
- ХҚЕС (IAS) 39 талаптарының қаржылық міндеттемелерді классификациялау және бағалауға қатысты басым бөлігі өзгеріссіз ХҚЕС (IFRS) 9 ауыстырылды. Негізгі ерекшелігі кәсіпорынға қойылған әділ құны бойынша кірістің немесе шығыстың құрамында, басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер бойынша меншікті несиелік тәуекелдің өзгеру эффектісін ашу талабы болып табылады.
- ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану шығындарын танудың жаңа моделін енгізеді: күтілетін шығындар моделі. Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық активтердің несиелік сапасының өзгеруіне негізделген «үш кезеңдік» тәсіл бар. Практикада жаңа ережелер бастапқы қаржылық активтерді таныған кезде кәсіпорындар шығындарды бірден құнсызданудан несиелік шығындар болып табылмайтын (немесе сауда дебиторлық қарыз үшін қаржылық құрал мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындар сомасында) 12 айда күтілетін несиелік шығындар сомасында тануға тиіс екендігін білдіреді. Егер несиелік тәуекелде айтарлықтай ұлғаю орын алса, онда құнсыздану 12 айда күтілетін несиелік шығындардан емес, қаржылық құрал мерзіміне күтілетін несиелік шығындардан шыға келе бағаланады. Модель сауда дебиторлық қарызды және қаржылық аренда бойынша дебиторлық қарызды операциялық ықшамдауды қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алуға қойылатын талаптар тәуекелдерді басқаруға көбірек сәйкес болу үшін түзетілді. Стандарт кәсіпкерлерге хеджирлеуді есепке алу талаптарын қолдана отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 жазылған есептік саясаттың және ХҚЕС (IAS) 39 хеджирлеудің барлық құралдарына қолдануды жалғастырудың арасында таңдау мүмкіндігін ұсынады, өйткені қазіргі кезде стандарта макрохеджирлеу жағдайлары үшін есепке алу қарастырылмаған.

**ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша табыс» (2014ж. 28 мамырда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).** Жаңа стандарт негізгі қағидатты енгізеді, оған сәйкес табыс тауарлар немесе қызметтер мәміленің бағасы бойынша табысталатын жағдайда танылуға тиіс. Кез келген тауарлар мен қызметтерді бөлек партиялары бөлек танылуға тиіс, ал келісімшарттың барлық жеңілдіктер мен ретроспективті жеңілдіктер, әдетте бөлек элементтерге үйлестіріледі. Егер сыйақы мөлшері қандай да бір себеп бойынша өзгерілеін болса, егер олар қайта қараудың елеулі тәуекеліне ұшырамаса, мейілінше аз соманы тануға тура келеді. Клиенттермен жасалған шарттарды қамтамасыз етумен байланысты шығындар шарттан табысты алған мерзім ішінде капиталдандыруы мен амортизациялануы тиіс. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт қаржылық есептілікке қандай әсер тигізетініне бағалау жасайды.

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

**ХҚЕС-ке (IFRS) 15 түзетулер «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша табыс» (2016 жылғы 12 сәуірде шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).** Түзетулер стандарттың негізін қалаушының өзгеруіне әкеп соқпайды, бірақ осы қағидаттар қалай пайдалану керек екенін түсіндіреді. Түзетулерде шартта орындау бойынша міндетті (тауарды немесе қызметті сатып алушыға тапсыру уәдесі); компания принципіал (тауар немесе қызметтің жеткізушісі) немесе агент (тауардың немесе қызметтің ұйымдастырылуына жауап беретін) болып табылатын қалай белгілеуге, сондай-ақ егер жалдау төлемдері уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылатын болса қаржыландыруды алуға әкеп соғады. Осыған байланысты, ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алуды бұны ХҚЕС (IFRS) 17 қарастыратындай операциялық және қаржылық ретінде жіктелуді жояды, және оның орына жалға алушылар үшін жалдау операцияларын есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді.

**ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалға алу» (2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 2019 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).** Жаңа стандарт жалға алу операцияларына қатысты есептілікте ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді. Жалға алудың барлық шарттары жалға алу шарты қолданысқа енгізілген сәттен бастап активті пайдалану құқығын алуға, сондай-ақ егер жалдау төлемдері уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылатын болса қаржыландыруды алуға әкеп соғады. Осыған байланысты, ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алуды бұны ХҚЕС (IFRS) 17 қарастыратындай операциялық және қаржылық ретінде жіктелуді жояды, және оның орына жалға алушылар үшін жалдау операцияларын есепке алудың бірыңғай моделін енгізеді.

Жалға алушылар мыналарды тануға тиіс: (а) жалға алу объектісінің құны шамалы болған кездегі жағдайларды қоспағанда әрекет ету мерзімі 12 айлан асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтер мен міндеттемелер; және (б) табыстар мен залалдар туралы есепте жалдау міндеттемелері бойынша пайыздардан бөлек жалдау объектілерінің амортизациясы. Жалға берушіден жалға алуды есепке алуға қатысты ХҚЕС (IFRS) 16 ХҚЕС-те (IFRS) 17 қарастырылған есепке алу талаптарын сақтайды. Осылайша, жалға беруші жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеуді және тиісінше оларды есептілікте әртүрлі көрсетуге жалғастырады. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт қаржылық есептілікке қандай әсер тигізетініне бағалау жасайды.

**«Ақпаратты ашу саласында бастамшылық» – ХҚЕС-ке (IAS) 7 түзетулер (2016 жылғы 29 қаңтарда шығарылды және 2017 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).** ХҚЕС-ке (IAS) 7 енгізілген түзетулер қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпараттың ашылуын талап етеді. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт қаржылық есептілікке қандай әсер тигізетініне бағалау жасайды.

Стандарттар мен түсініктер күшіне енгеннен кейін Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізбейді деп күтіледі.

- «Инвестордың активтерді қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатуы немесе енгізуі» – ХҚЕС-ке (IFRS) 10 ХҚЕС-ке (IAS) 28 түзетулер (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес белгілеген күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Іске асырылмаған залалдар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтерді тану» – ХҚЕС-ке (IAS) 12 түзетулер (2016 жылғы 19 қаңтарда шығарылды және 2017 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).
- ХҚЕС-ке (IFRS) 2 түзетулер «Акцияларда негізделген төлем» (2016 жылғы 20 маусымда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы күннен кейін күшіне енеді).
- ХҚЕС-ті (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» қолдану – ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 4 (2016 жылғы 12 қыркүйекте шығарылды және таңдалған тәсілге қарай күшіне енеді: 2017 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін – уақыт ерекшелігін таңдаған ұйымдар үшін, және ұйым ХҚЕС-ті (IFRS) 9 алғашқы рет қолданған жылдық кезең үшін – салу тәсілін таңдаған ұйымдар үшін).
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 2014-2016 жж. (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және ХҚЕС-ке (IFRS) 12 түзетулерді қолдана отырып, 2017 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін, ХҚЕС-ке (IFRS) 1 және ХҚЕС-ке (IAS) 28 қатысты түзетулерді қолдана отырып, 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 – Шетел валютадағы операциялар және өтемақыны алдын ала төлеу (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

### **3 Жаңа есеп ережелері (жалғасы)**

- Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құрамына немесе құрамынан көшірулер – ХҚЕС-ке (IAS) 40 түзетулер (016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 ж. 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жоғарыда басқа айтылмаса, аталмыш жаңа стандарттар мен түсініктемелер Компанияның қаржылық есептілігіне көп ықпал етпейді деп болжанып отыр.

### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер**

Компания келесі қаржылық жыл ішінде есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін есептік бағалаулар пайдаланады және жорамал жасайды. Бағалаулар ен пікірлер тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір ой-пікірлерді пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштеріне ең көп ықпал ететін ой-пікірлер мен келесі жыл бойы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасын біршама түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалар келесіден тұрады:

#### **Үздіксіз қызмет қағидасы**

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті үздіксіздік қызмет қағидасы негізінде дайындады. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайында, оның ағымдағы ниетінде, операциялардың табыстылығында және қаржылық ресурстарға қол жетімділікте негізделген. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның ағымдағы жиынтық міндеттемелер жалпы айналымдағы активтернен 91,163,762 мың теңгеге асты. Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуі «Самұрық-Энергоның» 2014 жылғы желтоқсандағы еурооблигацияларды өтеудің мерзіміне байланысты. 500 млн. АҚШ доллар немесе 166,645,000 мың теңге сомасындағы еурооблигациялар 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер деп жіктелді.

Компанияның жақын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалаған кезде мына факторлар қарастырылды:

- Компания Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие.
- 2017 жылы Компания өзінің ағымдағы міндеттерін өзінің қысқа мерзімді кредиттері мен қарыздарды қайта қаржыландыру жолымен оң ақша ағынымен реттеуді жоспарлайды.
- Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландырудың немесе қайта құрылымдаудың неғұрлым оңтайлы нұсқаларын жасау үшін халықаралық сарапшыларды тартты.
- 2016 жылғы 9 желтоқсанда Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 млн еуро немесе 35,242,000 мың теңге мөлшерінде ЕҚКБ-мен кредиттік келісім жасасты.
- Компания 2017 жылы сатуға арналған активтерді сатудан 30,000,000 млн теңгеден аса табысты болжайды.
- Банктер еурооблигацияларды қайта қажыландыру және басқа мақсаттар үшін 40,000,000 мың теңгеден аса ұзақ мерзімді кредиттерді ұсынуға дайын екенін хабарлады.
- Соған қоса, басшылық еурооблигацияларды ішінара қайта құрылымдау бойынша жоспарды қарастыруда.
- Еурооблигацияларды төлеу мерзімі 2017 жылғы желтоқсанда. Басшылық еуробондтарды белгіленген тәртіпте төлеу үшін ақша қаражатының жеткілікті сомасы жыл ішінде жиналатынын болжайды.
- Басшылықтың және Компания акционерлерінің Компанияның қызметін жоюға ниеті де, қажеттігі де жоқ.

Осы жеке қаржылық есептілік қаржылық есептілікте активтер мен міндеттердің баланстық құнының, кірістер мен шығындардың, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыруға мүмкін емес болған жағдайда қажет болатын қаржылық есеп туралы шағырландырылған есептік жіктелуінің түзетулерді жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

#### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

##### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Басшылық әр есептік кезең соңында жеке активтердің немесе топтардың құнсыздану белгілерінің және гудвилден ерекшеленетін активтер немесе активтер топтары үшін өткен кезеңдерде расталған құнсыздану шығының бар-жоқтығын бағалайды. Басшылық кез келген белгі анықталғанда сату шығындары мен пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құнының көлемін белгілейтін активтің өтелетін бағасын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларға негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау мәліметтері мен кәсіби ой-пікірлердің қолдануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес, құнсыздану белгілерінің бірі кезеңде болған немесе алдағы уақыттарда Топ қызмет ететін технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе активі арналған нарықта болуы мүмкін Компания үшін кері әсерін тигізген көптеген өзгерістердің болуы саналады.

Активтің өтелетін құнын бағалаған кезде Компания бағаларды қолданады және жорамал жасайды. Бағалаулар мен ой-пікірлер тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір ой-пікірлерді пайдаланады.

Топтың Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2016 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған есептілігінде баяндалғандай, Топ басшылығы есепті кезеңдегі жағдай бойынша, ЕМАЭС-1 мен АЖК негізгі құралдарының құнсыздану белгілері бар деген тұжырымға келді. Осы жеке қаржылық есептілікті дайындау мақсатында аталған фактіні Компания басшылығы осы еншілес компанияларға салынған инвестициялардың мүмкін болатын құнсыздану белгілері ретінде қарастырды. Осы еншілес компанияларға салынған инвестициялардың баланстық құны 338,272,063 мың теңгені және сәйкесінше 51,208,403 мың теңгені құрады.

Теңгенің құнсыздануы нәтижесінде МСЭС «Қытай Мемлекеттік Даму Банкі» мен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-дан АҚШ долларымен алған қарыздар бойынша бағамдық айырмашылыққа қатысты шеккен айтарлықтай залалдарын мойындады, таза активтердің балансы теріс болды. Бағамдық айырма бойынша залалдарды жабу үшін ағымдағы тарифтердің жеткіліксіз болуын және сәйкесінше қарыздарды жабу үшін Компания басшылығы МСЭС-ке салынған инвестицияның құнсыздану мүмкіндігінің белгісі ретінде қарастырды. Сәйкесінше, Компания басшылығы 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, МСЭС-ке салынған инвестицияның құнсыздануына тест жүргүзі туралы шешім қабылдады. МСЭС-ке салынған инвестицияның баланстық құны 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша құнсыздануды есептемегенде 21,864,416 мың теңгені құрады».

##### **ЕМАЭС-1**

Басшылық барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді бірыңғай өндіруші ақша қаражатының бірлігіне жатқызады, өйткені бұл - басқа активтер өндіретін ақша қаражатына белгілі бір деңгейде тәуелсіз ақша қаражатының ағынын өндіретін ең кіші анықталған активтер тобы және ЕМАЭС-1 активтердің құнының өтелуіне бақылау жасайтын ең төменгі деңгей. Басшылық Топ оларды пайдаланудан күтетін келешектегі бағалаушы дисконтталған ақша ағыны сомасы ретінде белгіленген пайдалану құндылығы негізінде негізгі құралдардың өтелетін сомасын бағалады.

Экономикалық құнсыздану немесе кіріс әдісі тесті 2017-2025 жж. кезеңі үшін дисконтталған ақша ағынын есептеу үшін мынадай негізгі жорамалдарды пайдалана отырып, тиісті бағалау техникаларын қолдану арқылы өткізілді.

- *болжамды тарифтер:*

Шекті тарифті ҚР Үкіметі электр станцияларының түрлері, белгіленген қуаттары, пайдаланатын отыны, отын алатын орынның алыс-жақындығына қарай құралатын энергия өндіруші ұйымдар тобы бойынша әр жылға бөліп, 3 жыл мерзімге бекітеді және ол жыл сайын саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып түзетіледі. Электр энергиясын өндірудегі шекті тарифтер 2019 жылға дейін бекітілген.

Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын босату бағасын өз бетінше белгілейді, бірақ ол тиісті энергия өндіруші ұйымдар тобының шекті тарифінен аспайды.

Қазіргі кезде электр энергиясын өндіру саласындағы бағалар экспортқа сату жағдайларын қоспағанда, шекті, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша сұраныс пен ұсынысқа байланысты бәсекелес жағдайларда қалыптастырылды. Осылайша, 2017 – 2019 жылдарға арналған тарифтер ішкі нарық үшін 7.5 және 7.9 теңге, экспорт үшін 9.6 және 10.1 теңге болып белгіленді.

**4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

2019 жылдан басталатын кезеңде табысты болжауда энергия өндіруші ұйымдар үшін тариф белгілеу құрылымын өзгертетін қуат нарығын ендіру әсері белгіленді. Электр энергиясын тұтынушыларға тарифті және қуатты сату тарифін есептеу үшін Қазақстанда 2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 26 қазандағы №460 «Электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатын өзірлікте ұстап тұру жөніндегі қызметке шекті тариф белгілеу туралы» бұйрығымен бекітілген Энергия өндіруші компаниялардың 1-тобына арналған шекті тарифтер деңгейінде қабылданған тарифтер қолданылды.

- *сатудың болжамды көлемдері*

2017-2025 жж. электр энергиясын сату көлемін болжау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Топтың болжамдық деректері мен Қазақстанның Бірыңғай Энергетикалық Жүйесі қуатының 2017-2023 жылдарға арналған кезеңдегі - келешекте 2030 жылға дейінгі теңгерімді болжамына негізделді. Бұдан әрі электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі 2023 жылдың деңгейінде қабылданды.

Тау-кен, металлургия саласының 2021 жылға дейінгі жаңа өндірістік қуатының құрылысын аяқтау және болашақта электр энергиясын тұтыну көлемін арттыру жоспарлануда.

2019-2021 жж. Кезеңінде қуат көлемі Топ болжамының деңгейінде белгіленді. Бұдан әрі, өндіру көлемінің өсуі Энергетика министрлігінің деректері бойынша Солтүстік өңірдің қуатының теңгеріміне сәйкес белгіленді.

Сату көлемі	Өлш. бірл.	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Экспорт – Қырғызстан	мың МВтс	500	500	1,100	1,100	1,100	1,100	1,100	1,100	1,100
Қазақстан	мың МВтс	10,087	13,516	15,474	17,494	20,417	20,467	20,682	20,899	21,118
Қуат	МВт	-	-	30,000	30,000	30,000	30,411	30,822	31,238	38,263

Егер сату көлемі 10%-ға төмендеген жағдайда негізгі құралдардың жалпы әділ құны 91,100,899 мың теңгені құраған болар еді.

- *Дисконттау мөлшерлемесі капиталдың безбенделген орташа құнының (WACC) есебіне негізделген, ол 12.0%-ға тең болып қабылданады.*

Егер капиталдың безбенделген орташа құны 1%-ға артатын болса, онда қайта бағаланған негізгі құралдардың жалпы әділ құны 44,689,405 мың теңгеге азаяды, сәйкесінше, инвестицияның өтелетін құны 43070368 мың теңгеге артады/азаяды.

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың теңгерімдік құны бұл жағдайда 519,727,000 мың теңге болған кезде олардың өтелетін құны 526,406,000 мың теңгені құрады.

Осылайша, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ЕГРЭС-1-дің негізгі құралдарының құнсыздануына жүргізілген тест нәтижелері бойынша негізгі құралдардың құнсыздануы анықталмады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕГРЭС-1-дің таза активтері 426,031,836 мың теңгені құрағанын және Компанияның жеке қаржылық есептілігіне салынған тиісті инвестицияның баланстық құны айтарлықтай артқанын ескере отырып, Компания басшылығы ЕГРЭС-1-ге салынған инвестицияның құнсызданбағаны туралы тұжырым жасады.

**АЖК**

Басшылық бұл басқа активтер өндіретін ақша ағындарынан елеулі дәрежеде тәуелсіз ақша қаражатының ағынын өндіретін ең кіші анықталатын активтер тобы және АЖК активтердің құнын өтеуге бақылау жүзеге асыратын ең төменгі деңгей болғандықтан, АЖК-ның барлық негізгі құралдарын және материалдық емес активтерін бірыңғай ақша қаражатының өндіруші бірлігіне жатқызады. Басшылық негізгі құралдардың өтелетін сомасын Топ оларды пайдаланудан күтетін бағаланатын дисконтталған болашақ ақша ағындарының сомасы ретінде белгіленген пайдалану құндылығы негізінде бағалады.

**4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Басшылық пайдалану құнын анықтау кезінде пайдаланған негізгі болжамдары мыналар болып табылады:

электр энергиясын сатудың болжалжы көлемдері мен тарифтері:

	2017	2018	2019	2020	2021
Сату көлемі, миллион кВт.сағ	6,257	6,889	7,199	7,393	7,430
Тариф кВт.сағ	5.83	6.04	6.23	6.98	7.24

Сатылым көлемінің болжамы өткен жылдардағы ақпарат пен басшылық жоспарлары негізінде жасалды. Сатылым көлемі 2017-2018 жылдары жылына орташа 10%-ға ұлғаяды деген болжам жасалды. Бұл негізінен тұтыну көлемінің қалпына келу мен Алматы қаласы және Алматы облысы тұрғындары санының көбеюі нәтижесінде жүзеге асады. 2019-2021 жылдарға арналған болжам 5%-1% деңгейінде тұтыну көлемінің өсуін құрайды, одан кейінгі кезеңде 2021 жылғы деңгейде сату көлемін болжайды. Сату көлемі 10%-ға артқан/ төмендеген жағдайда, негізгі құралдарды өтеу құны 8,250,807 теңгеге артады/төмендейді, сәйкесінше, инвестицияның өтелетін құны 11,822,866 мың теңгеге артады/азаяды.

Электр энергиясының кВт.сағ бірлігі бағаларының болжамдары ҚР ТМРК 2019 жылдың соңына дейін белгілеген тарифке негізделген.

- салық салынғаннан кейін дисконттық мөлшерлеме жылдық 12.22%-ын құрады.

Ақша ағымдары Топ капиталының орташа көлемдегі құны негізінде белгіленген жылына 12.22% көлемінде салықтан кейінгі пайыздық мөлшерлеме пайдалану арқылы дисконтталды. Дисконт 1%-ға ұлғайған/ төмендеген жағдайда негізгі құралдарды өтеудің құны 6,602,882 теңгеге азаяды / 7,976,096 мың теңгеге ұлғаяды, сәйкесінше, инвестицияның өтелетін құны 13,470,791 мың теңгеге артады/азаяды.

- терминалдық құнды есептеуде пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесі жылына 3,21%-ды құрайды;

Жүргізілген тестілеу нәтижесінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді пайдалану құны олардың баланстық құнынан 8,290,000 мың теңгеге артық немесе 102,245,000 мың теңге мөлшерінде анықталды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, АЖК-ның негізгі құралдарының құнсыздануына жүргізілген тест нәтижелері бойынша негізгі құралдардың құнсыздануы анықталмады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АЖК-ның таза активтері 71,282,076 мың теңгені құрағанын және Компанияның жеке қаржылық есептілігіне салынған тиісті инвестицияның баланстық құны айтарлықтай артқанын ескере отырып, Компания басшылығы АЖК-ға салынған инвестицияның құнсызданбағаны туралы тұжырым жасады».

**МСЭС**

МСЭС-те инвестициялардың құнсыздануын бағалау мақсатында басшылық Компания аталған инвестициялардан алуы мүмкін дивидендтерді бағалау үшін бос ақша ағындарының моделін әзірледі. Соған қоса, басшылық активтерді, дисконт мөлшерлемесін және өзге көрсеткіштерді пайдаланудан болған болжалатын болашақ түсімдер мен ақша қаражатының жылысуын бағалауға сүйенді. Аталған есептемелерде басшылық бекіткен қаржылық бюджеттер мен өзге болжамдар негізінде ақша қаражаты қозғалысының болжалдары қолданылды.

Басшылық барлық негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ақша қаражатын өндіретін бірыңғай бірлікке жатқызады, өйткені, бұл басқару активтері өндіретін ақша ағымдарынан тәуелсіз елеулі деңгейде ақша қаражатының түсімін өндіретін ең төменгі сәйкестендіруші активтер тобы және МСЭС активтер құнын өтеуге бақылауды жүзеге асыратын ең төменгі деңгей болып табылады. Басшылық МСЭС-ке инвестицияның өтелетін сомасын Компания қарыздарды пайдаланудан алуға болжайтын қарыздарды төлеуге арналған төлемдерді қоса алғандағы бағалық дисконтталған келешек ақша ағындарының сомасы ретінде белгіленген пайдалану құндылығы негізінде бағалады.

#### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Пайыздар бойынша төлемдерді және 2028 жылға дейін негізгі қарызды төлеумен байланысты дивидендтердің үйлестіруі шектелген және сәйкесінше аталған кезеңге акционердің пайдасына азғантай дивидендтер жоспарланды. Дивидендтерді үйлестіру 2028 жылдан бастап жоспарлануда. Экономикалық құнсыздану тесті немесе кіріс тәсілі 2017-209 жылдар аралығында дисконтталған ақша ағындарын есептеу үшін төмендегі негізгі жорамалдарды пайдалана отырып, тиісті бағалау техникаларын қолдану көмегімен өткізілді:

- болжалдық тарифтер:

МСЭС 2017-2018 жылдарға арналған жеке тарифтерді алды, олар 9.5 теңге мөлшерінде белгіленді.

2019ж. аралығында Компания табысының болжалына энергия өндіруші ұйымдар үшін тариф белгілеу құрылымын өзгертетін қуат нарығын енгізу әсері салынды. Су электр станцияларын салу қарыздық құралдарды тарту есебінен жүзеге асырылды, қуат нарығын енгізген кезде қуатқа арналған тариф инвестициялық бағдарламаларға арналған және СЭС-ті салу үшін бұрын жолданған қарыздық құралдарды қайтаруды қамтамасыз ететін шығындарға сүйене отырып, есептік болады. Осылайша, 2019 жылы есептік тарифтер 12.18 теңгені құрайды және кейін жылдық инфляцияға түзетіледі.

- сатудың болжалдық көлемдері

Қазақстан БЭЖ-інің оңтүстік өңірі энергияға тапшы болып табылады. Компанияның басшылығы МСЭС электр станциялары өндіретін электр энергиясы талап етілетін болып табылады және толық көлемде іске асырылады, тариф барлық операциялық және инвестициялық шығындарды жабу, сондай-ақ компаниядан адекватты табыс алу үшін жеткілікті болып табылады деп санайды.

Жауын-шашын деңгейі нормасы ортадан жоғары деп болжанатындықтан, 2017-2018жж. электр энергиясын сату көлемінің болжалы 2016 жылғы деңгейде 1,100 кВт.сағ мөлшерінде МСЭС-тің болжалдық деректеріне негізделді. 2017-2021жж. аралығында 900 кВт.сағ мөлшерінде іске асыралатын электр энергиясының көлемі МСЭС-тің ұзақ мерзімді болжал деңгейінде белгіленді.

Соған қоса, 2019 жылдан бастап электр энергиясының қуат нарығын енгізгенде Шарын өзенінде судың ағынына, сондай-ақ «МСЭС» АҚ су электр станциясының өндіру көлеміне әсер етуі мүмкін кез келген климаттық өзгерістер электр энергиясының қуатына тарифтің өсуі жойылатындықтан, тариф мөлшерінің қарыздарына қызмет көрсету бойынша шығындарды жабу үшін туындайтын тәуекел жеткіліксіз болып шығады.

- *Дисконттау мөлшерлемесі капитал бағасын есептеуге негізделген (Cost of Equity) және 13.9%-ға тең болып қолданылады.*

Егер іске асыруға арналған тарифтер 10-ға азайса, бұл Компанияның инвестицияларының 2,002,549 мың теңгеге қосымша құнсыздануына әкеп соғады.

Егер капиталдың өлшенген орташа құн 1%-ға артса, бұл бұл Компания инвестицияларының 2,057,465 мың теңгеге қосымша құнсыздануына әкеп соғады.

Құнсыздануға жүргізілген тест нәтижесінде Компания 2016 жылы МСЭС-тегі инвестициялардың құнсыздануын 5,399,568 мың теңге сомасына мойындады.

#### **Балқаш ЖЭС**

«Балқаш ЖЭС құрылысы» жобасы (бұдан әрі - Жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасында 2011 жылы қол қойылған үкіметаралық келісім аясында іске асырылуда, ол электр станциясын қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету саласындағы экономикалық ынтымақтастықты қамтиды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ (бұдан әрі - БЖЭС) акционерлері Samsung C&T Corporation (бұдан әрі - Samsung C&T немесе Samsung C&T Corporation) және «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, сәйкесінше, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қатысу үлестері 50% + 1 акцияны және 50% - 1 акцияны құрайды, (10-ескертпе). Компания 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. Әу бастан акциялардың меншік иесі «Самұрық-Энерго» АҚ болды.

2012 жылы маусымда «БЖЭС» АҚ мен Samsung Engineering қуаты 1320 МВт Балқаш ЖЭС-ін жобалау, жеткізу және салуға келісімшарт («ЕРС») жасады. «Samsung Engineering Co. Ltd» мен «Samsung C&T Corporation» ЕРС бойынша бірлескен кәсіпорындардың қатысушылары болып табылады.



#### **4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Жобаның рентабельділігі 2014 жылы 19 маусымда БЖЭС пен «KEGOC» АҚ (электр желілерін басқару жөніндегі компания және Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің ұлттық операторы) арасында жаңадан пайдалануға енгізілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын өзіндікте ұстап тұру жөніндегі қызметті сатып алуға жасалған ұзақ мерзімді шарт (бұдан әрі – Қуатты Сатыпалу Шарты немесе ҚСШ) арқылы қамтамасыз етілді, мұнда тарифтер АҚШ долларымен көрсетілген.

2012 жылы 14 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларына қатысты опциондық келісімді» жасасты. Аталған келісімге сәйкес, Samsung C&T БЖЭС акцияларын сату опционына ие, бұл Samsung C&T егер Үкіметаралық келісімді ратификациялауға, ҚСШ-ны жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдауға қатысты опциондық келісімдердің тиісті талаптары орындалмаған жағдайда, сонымен қатар жобалық қаржыландыруды тарту үшін жеткілікті талаптары бар ҚСШ-ны уақытылы жасамаған жағдайда опционды пайдалану құқығы бар.

2016 жылдың тамызына дейін «Самұрық-Энерго» АҚ мен Samsung C&T акцияларды опцион шарттарын бірнеше рет ұзартты.

2014 жылы шетелдік валютаға теңге бағамының әлсіреуі салдарынан жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі түзетілді. Мемлекеттік сараптама 2014 жылы 27 ақпанда қайта қаралған техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы 2014 жылы 25 шілдеде мақұлдады.

Қарыз арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында жобаның әлеуетті кредиторлары халықаралық жобалық қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді талап етеді.

Жобаны қолдау топтамасының келісілген нұсқасының болмауынан 2016 жылы 31 тамызда SAMSUNG C&T «Самұрық-Энерго» АҚ-ға Опциондық келісімшартқа сәйкес акцияларды сату опционын орындауға мүдделі екені туралы хабарлама жіберді.

Жоба бойынша қаржыландырудың болмауына байланысты 2016 жылы 31 тамызда Samsung Engineering Co. Ltd сондай-ақ БЖЭС-ке EPC келісімшартын бұзатыны туралы хабарлама жіберді

БЖЭС-тегі Samsung C&T акционерлік капиталының баланстық құны 32,085 млрд теңгені құрайды. Samsung C&T өзінің БЖЭС-тегі үлесін 192 млн АҚШ долларына немесе 64 млрд теңгеге бағалады.

Samsung C&T-дан хабарлама алғаннан кейін Самұрық-Энерго мен Қазақстан Үкіметі 2016 жылғы қазаннан бастап қазіргі кезге дейін мәселені реттеу бойынша бірқатар шараларды қабылдады.

Оңтүстік Қазақстандағы энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Жобаның стратегиялық маңызын назарға ала отырып, ҚР Үкіметі Samsung C&T-мен келіссөздерді жалғастыруды мақұлдады.

Атап айтқанда, ҚР Үкіметі мен ҚР мемлекеттік органдары Жобаны әрі қарай іске асыру мәселелерін талқылау үшін бірқатар кездесулер өткізді, оның ішінде Samsung C&T қатысуымен.

2016 жылы 29 желтоқсанда ҚР Энергетика министрлігі мыналарға:

- Samsung C&T-ға Үкіметтің қолдау көрсету туралы хат жобасын;
- Корея Республикасының Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрлігінің атына Үкіметаралық келісімге өзгерістер жобасы бойынша хат жолдады.

2017 жылы қаңтарда құрылыс жобасын жалғастыру бойынша келіссөздерді жалғастыру нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдау Хатын ұсыну талабы орындалған жағдайда күші бар мынадай шарттарды жасасты:

- Банктік ұарыздар алу үшін SAMSUNG C&T Corporation мен Самұрық-Энерго арасында БЖЭС-ке әрқайсысы 10 млн. АҚШ доллары тұратын кепілдікті беру бойынша келісім.
- Самұрық-Энерго, SAMSUNG C&T Corporation (Салу және жобалау), SAMSUNG Engineering Co. Ltd және БЖЭС арасында Самұрық-Энерго тарапынан құрылысты тоқтатуға және тоқтатып қоюға байланысты шығындар бойынша бірлескен мердігерлердің пайдасына БЖЭС берешегіне төлем жасауға кепілдік беретін келісім.
- SAMSUNG C&T Corporation мен Самұрық-Энерго арасындағы SAMSUNG C&T Corporation-ның Самұрық-Энерго пайдасына жоғарыдағы в) тармағына байланысты 28 млн АҚШ доллары сомасына аккредитив беруі бойынша келісім.

- Dongfang Electric Co. Ltd, БЖЭС, SAMSUNG C&T Corporation (Сауда және инвестициялау), SAMSUNG C&T Corporation (Салу және жобалау), SAMSUNG Engineering Co. Ltd, Самұрық-Энерго арасындағы Dongfang Electric Co. Ltd-ның пайдасына SAMSUNG C&T Corporation (Сауда және инвестициялау) мен Самұрық-Энерго тарапынан әрқайсысы 57 млн. АҚШ доллары тұратын екі аккредитив ұсыну бойынша келісім. Бұл келісім 13.3 млн. АҚШ доллары сомасына тоқтатып қою бойынша шығындарды төлеу туралы БЖЭС міндеттемелерінен тұрады.
- Siemens Aktiengesellschaft, Компания, SAMSUNG C&T Corporation (Сауда және инвестициялау), SAMSUNG C&T Corporation (Салу және жобалау), SAMSUNG Engineering Co. Ltd, Самұрық-Энерго арасындағы SAMSUNG C&T Corporation (Сауда және инвестициялау) және «Самұрық-Энерго» тарапынан Siemens Aktiengesellschaft пайдасына әрқайсысы 23.25 млн. еуро тұратын екі аккредитивті ұсыну туралы келісім. Бұл келісім БЖЭС-тің 6.7 млн. еуро сомаға тоқтатып қою бойынша шығындарды төлеу туралы міндеттемені қамтиды.

2017 жылы 23 қаңтарда Samsung C&T Жоғары Басқару Комитеті мен Директорлар кеңесінің Атқарушы комитеті Siemens және Dongfang атына аккредитивтер бойынша шарт жасасу, Самұрық-Энерго атына резервтік аккредитив шығару және БЖЭС банк қарыздарын қамтамасыз етуге кепілдік беру туралы шешім қабылдады.

2017 жылы 27 қаңтарда Самұрық-Энерго Директорлар кеңесі EPC-мердігердің және БЖЭС қарызын алу үшін банктердің пайдасына Siemens және Dongfang атына аккредитивтер беру бойынша шарт жасауды мақұлдады,

Топ басшылығы мынадай факторлар негізінде құрылысты жалғастыру және SAMSUNG C&T-мен әрі қарайғы бірлескен жұмысты жалғастыру үшін ҚР Үкіметінен қажетті қолдау алатынына сенімді:

- Балқаш жылу электр станциясын салу жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы үкіметаралық келісімнің мәні болып табылады және ол Қазақстанның индустриялық-инновациялық мемлекеттік даму бағдарламасына енгізілген;

Қазақстан Республикасының Үкіметі тарифтік қаулы қабылдау арқылы жобаны іске асыруға қолдау көрсету үшін 2018-2039 жылдар кезеңінде өндіруші қондырғылардың электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметі үшін АҚШ долларымен болашақ бағаны белгіледі.

Сәйкесінше, Компания басшылығы келіссөздердің неғұрлым ықтимал шешімі Жобаны жұмыс істеп тұрған бірлескен кәсіпорын аясында жалғастыру болмақ, АҚШ долларымен есептелген тарифтерді қоса алғанда, ҚСШ талаптары инвестицияны өтеу үшін жеткілікті ақша қаражатының ағынын қамтамасыз етеді, сонымен қатар опционға байланысты ресурстардың кету ықтималдығы елеусіз деп санайды.

Қазіргі кезде кредиторлар мен мемлекеттік ұйымдардың арасындағы жобаға қолдау көрсету туралы хаттың талаптарына қатысты келіссөздер жүргізілуде. 2017 жылғы 9-10 ақпанда Астана қаласында жүргізілген кездесулер нәтижесінде тараптардың жобаға қолдау көрсету туралы хаттың кейбір талаптарын келісуі ғана қалды, оның ішінде кредиторлардың тарифтік қаулыға енгізілетін өзгерістерін келісуге қатысты мәселелер, кредиторлардың Үкімет міндеттемелерінің туындауын құжаттамалық негіздеу қажеттілігі (мемлекеттік қаржылық қолдау).

Бұдан әрі, аталған мәселелерді шешу бойынша мемлекеттік органдардың отырыстарын өткізу жоспарлануда, оның нәтижелері бойынша жобаға қолдау көрсету топтамасы бойынша келіссөздерді одан әрі жалғастыру көзделуде.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнгі жағдай бойынша, Топтың «БЖЭС» АҚ-ға салған инвестициясының құнсыздануын көрсетудің, сонымен қатар жобаға, оның ішінде Samsung C&T ұсынған опционға байланысты қосымша міндеттемелерді есептеудің қажеттілігі жоқ деп болжайды. Оның үстіне Компания басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қол қойған күні жобаны жалғастыру талаптарына қатысты келіссөздер аяқталмағанын, сәйкесінше мұндай жағдайлар барлық қатыстырылған тараптар үшін міндеттейтін сипатқа ие нысанда бекітілмегенін атап өтеді. Аталған жобаны әрі қарай іске асырудың кейбір жағдайлары әзірге анықталмаған, сәйкесінше, олардың Топтың қызметіне және осы жеке қаржылық есептілікке тигізетін әсерінің деңгейін бағалау мүмкін емес.

Қаржы есептілігі егер БЖЭС үздіксіз қызметті жалғастыра алмайтындай болған жағдайда талап етілуі мүмкін түзетулерді қамтымайды.

**5 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар**

Байланысты тараптарды анықтау БЕХС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» көрсетіледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе елеулі әсер ете алатын немесе екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды түрі ғана емес, олардың өзара қарамы-қатынс сипаттары да ескеріледі. Аналық компания және Компанияның бақылаушы жағы 1 Ескертпеде егжей-тегжейлі жазылған.

Байланысты компанияларға Самұрқ-Қазынаның бақылауындағы компаниялар жатады. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілетін операциялар барлық қоғамдық және шоғырландырылған меншік компанияларға біртіндеп қолданылатын шарттарға сәйкес, әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Компанияның қызметі барлық тұтынушыларға қолжетімді болатын стандартта ұсынылса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер жне т.б. сияқты қызметтердің жабдықтаушыларын таңдау болмаса анық жазылмайды.

Компания байланысты тараптармен операция жүргізген немесе есептеу шоты бойынша 2016ж. 31 желтоқсанына және 2015 жылдың 31 желтоқсанына қалдығы бар олардың өзара қарам-қатынасының сипаты төменде көрсетілген.

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанына тараптармен байланысты операциялар бойынша жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескер.</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген несиелер		-	-	6,313,014
Дебиторлық берешек		-	-	-
Басқа қысқа мерзімді активтер		-	-	4,367
Акционердің пайдасына басқа актив	10	1,096,559	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтер		-	-	1,211,193
Ұсынылған несиелер бойынша алуға сыйақылар		-	-	69,689
Алу үшін дивидендтер		-	-	2,436,470
Байланысты тараптардың бағалы қағаздары		223,491	-	43,547,389
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер		-	-	234,388
Кредиторлық берешек		-	8,064	-
Акционер алдындағы міндеттеме		1,174,065	-	-
Несиелер	13	58,381,852	-	-

**5 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар (жалғасы)**

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына тараптармен байланысты операциялар бойынша жабылмаған қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескер.</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және біріккен кәсіпорындар</b>
Еншілес компанияларға берілген заем		-	-	8,358,091
Еншілес компанияларға және бірге бақыланатын кәсіпорындарға берілген қаржылай көмек		-	-	365,000
Басқа қысқа мерзімді акивтер		-	2,400	709,535
Дебиторлық берешек		-	-	-
Акционердің пайдасына өзге актив		988,786	-	525,409
Алуға дивидендтер		-	-	2,634,314
Байланысты тараптардың құнды қағаздары		223,491	6,825,446	49,177,793
Басқа кредиторлық берешектер және аударылған міндеттемелер		-	5,887	-
Кредиторлық берешек		-	-	-
Несиелер	13	57,537,093	-	-

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін тараптармен байланысты операциялар бойынша табыстар және шығындар баптары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Ескер.</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар		-	-	(8,417,336)
Қаржылық табыстар		(12,958)	(286,132)	(4,663,370)
Қаржылық шығыстар		5,335,735	-	832,398
Жалпы және әкімшілік шығыстар		-	92,356	271,049
Бағам айырмашылығы бойынша табыстар (шығыстар)		-	(82,078)	35,477

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін тараптармен байланысты операциялар бойынша табыстар және шығыстар баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	<b>Ескер.</b>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша табыстар		-	-	(16,040,425)
Қаржылық табыстар		(12,958)	(207,404)	(21,013,551)
Қаржылық шығыстар		11,265,533	-	160,875
Жалпы және әкімшілік шығыстар		-	69,396	-
Басқа табыс		(410)	(3,181,831)	(924,648)

Жұмыскерлерге берілетін еңбекақыны, сыйлықақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды қамтитын, 2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең үшін негізгі бсқару қызметкерінің сыйақысы 184,896 мың теңгені құрайды (2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең үшін: 403,487 мың теңге). 2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын кезең жағдайы бойынша негізгі бсқару қызметкер 8 адамнан тұрады (2015ж.: 8 адам).

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

**6 Негізгі қорлар**

Төменде негізгі қорлардың баланстық құнының өзгерісі көрсетілген:

	<b>Басқалары</b>	<b>Аяқталмаған құрылыс</b>	<b>Барлығы</b>
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>			
2015ж. 1 қаңтарындағы баға	936,439	505 468	1,441,907
Жиынақталған тозу және құнсыздану	(281,647)	.	(281,647)
<b>2015ж. 1 қаңтардағы теңгерімдік баға</b>	<b>654,792</b>	<b>505,468</b>	<b>1,160,260</b>
Түсімдер	34,114	14,726	48,840
Ауыстырулар	5,377	(5,377)	-
Тозу	(181,136)	-	(181,136)
Басқа активтерге ауыстыру	780	(189,720)	(188,940)
<b>2015 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға</b>	<b>513,927</b>	<b>325,097</b>	<b>839,024</b>
2015ж. 31 желтоқсандағы баға	941,624	325 097	1,266,721
Барлық тозу және құнсыздану	(427,697)	-	(427,697)
<b>2015 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға</b>	<b>513,927</b>	<b>325 097</b>	<b>839,024</b>
Түсімдер	11,621	-	11,621
Тозу	(179,448)	-	(179,448)
Істен шығу	(103,891)	-	(103,891)
Негізгі істен шығып кеткендер бойынша шығарылып тастау	53,338	-	53,338
<b>2016ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға</b>	<b>295,547</b>	<b>325,097</b>	<b>620,644</b>
2016ж. 31 желтоқсандағы баға	884,439	325,097	1,209,537
Барлық тозу және құнсыздану	(588,892)	-	(588,893)
<b>2016ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға</b>	<b>295,547</b>	<b>325,097</b>	<b>620,644</b>

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

**7 Материалдық емес активтер**

Төменде материалдық емес активтер баланстық құнының өзгерісі көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>Бағдарламалық қамтамасыз ету</b>	<b>Басқалар</b>	<b>Барлығы</b>
2015 жылғы 1 қаңтардағы бастапқы құн	790,097	390,087	1,180,184
Жинақталған амортизация	(313,775)	(53,443)	(367,218)
<b>2015 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн</b>	<b>476,322</b>	<b>336,644</b>	<b>812,966</b>
Кірістер	555,184	59,582	614,766
Амортизация	(89,086)	(41,223)	(130,309)
Істен шығу	(344,135)	-	(344,135)
Негізгі істен шығып кеткендер бойынша шығарылып тастау	149,456	-	149,456
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн</b>	<b>747,741</b>	<b>355,003</b>	<b>1,102,744</b>
2015 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	1,001,146	449,669	1,450,815
Жинақталған амортизация	(253,405)	(94,666)	(348,071)
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн</b>	<b>747,741</b>	<b>355,003</b>	<b>1,102,744</b>
Кірістер	71,097	6,398	77,495
Амортизация	(123,537)	(41,778)	(165,315)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік баға</b>	<b>695,301</b>	<b>319,623</b>	<b>1,014,924</b>
2016 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	1,072,242	456,067	1,528,309
Жинақталған амортизация	(376,941)	(136,444)	(513,385)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн</b>	<b>695,301</b>	<b>319,623</b>	<b>1,014,924</b>

## 8 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

Ескер.	Сатып алу күні	Тіркелген ел	2016 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны, мың теңге	2016 жылдың 31 желтоқсанына иелік ету үлесі
<i>а) Еншілес компанияларға инвестициялар</i>				
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	51,208,403	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	30,212,480	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	8,809,618	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	13.06.2012	Қазақстан	2,739,234	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%
«Шардара СЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	1,109,544	100%
«Өскемен СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	90%
«Ereumentau Wind Power» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	1,299,616	100%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%
Қазгидротехэнерго ЖШС	31.03.2014	Қазақстан	222,506	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	15,319	51%
«Energy Solutions Center» ЖШС (бұрынғы «Қапшағай ГЭС» ЖШС)	16.03.2016	Қазақстан	53,150	100%
<i>б) Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар</i>				
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%
«Екібастұз МАЭС -2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар</i>				
«Балқаш ЖЭС» АҚ	24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	49,99%
<i>Шегерілген:</i>				
Инвестицияның құнсыздануы			(7,834,480)	
<b>Инвестициялар жиыны</b>			<b>533,424,495</b>	

2016 жылы 3 желтоқсанда Компания мен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ арасында Ақтөбе ЖЭО-ның 366,768 дана (бір акцияның бағасы – 19, 567.5 теңге) акциясын мәміле жасау туралы шешім қабылданған күнгі 7,176,726 мың теңгеге тең бағамен Ақтөбе ЖЭО таза активтерінің баланстық құны бойынша 100% сатып алу-сату шартына қол қойылды. Акцияларға меншік құқығын беру «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның 12,827,331 дана (бір акцияның бағасы – 520 теңге) акциясын жалпы сомасы 6,670,212 мың теңгеге, 506,514 дана (бір облигацияның бағасы – 1,000 теңге) облигациясын 506,514 мың теңгеге сатып алу есебіне жүргізілді. 2016 жылы Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына аталған операция бойынша 4,707,293 мың теңге енгізді.

2016 жылы Компания операциялық мұқтаждықтар үшін «Ereumentau Wind Power» ЖШС-ға 330,809 мың теңге инвестиция салды. Сонымен қатар, Компания жобаның құрылысын әрі қарай жалғастыру үшін «Балқаш ЖЭС» АҚ-дағы қатысу үлесін 12,483,260 мың теңге - 50% минус бір акцияға дейін ұлғайтты, мұнда бақылаушы тарап Samsung C&T болып табылады (4-ескертпе).

Құнсыздануға жүргізілген тест нәтижесінде Компания 2016 жылы «Мойнақ СЭС» АҚ-ға 5,399,568 мың теңге сомасында салынған инвестицияның құнсызданғанын мойындады (4-ескертпе).

2016 жылғы шілде айында Компания 154,716 мың теңге сомасына «Қарағандагипрошахт и К» ЖШС-ны сату бойынша мәміле жасады. Меншік құқығын табыстауды тіркеу 2016 жылғы 12 қазан айында аяқталды.

## 8 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

Ескер.	Сатып алу күні	Тіркелген ел	2015 жылдың 31 желтоқсанына инвестиция құны, мың теңге	2015 жылдың 31 желтоқсанына иелік ету үлесі
<i>а) Еншілес компанияларға инвестициялар</i>				
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	338,272,063	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	46,501,110	100%
«Алматы электр станциясы» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	30,212,480	100%
«Мойнак СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%
«Тегис Мунай» ЖШС	29.12.2012	Қазақстан	14,835,069	100%
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	9,092,563	100%
«Шығыс Қазақстан аумақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	31.03.2012	Қазақстан	7,723,741	100%
«Ақтөбе ЖЭС» АҚ	03.12.2015	Қазақстан	7,176,726	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	13.06.2012	Қазақстан	2,739,234	100%
«Шүлбі СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%
«Шардара СЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	1,221,089	100%
«Өскемен СЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465,019	90%
«Egumentau Wind Power» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	968,807	100%
«Маңғыстау электр торпатық бөлу компаниясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	785,297	77%
«Карагандагипрошахт и К» ЖШС	15.06.2015	Қазақстан	286,019	90%
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%
«Казгидротехэнерго» ЖШС	31.03.2014	Қазақстан	116,675	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	28.05.2015	Қазақстан	15,319	51%
«Қапшағай ГЭС» ЖШС (бұрынғы «New Light Energy» ЖШС)	28.05.2015	Қазақстан	152	100%
<i>б) Біріктірілген кәсіпорындарға инвестициялар</i>				
Forum Muider B.V.	23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%
<i>в) Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар</i>				
«Балқаш ЖЭС» АҚ	24.06.2008	Казахстан	19,602,020	37.92%
<i>Шегерілген:</i>				
Инвестицияның құнсыздануы			(2,434,912)	
<b>Инвестициялар жиыны</b>			<b>552,345,214</b>	

Еншілес компаниялармен және бірлескен кәсіпорындармен жүргізілген операциялар мен қалдықтар 5-ескертепде ашылған.

2015 жылы 31 наурызда Компания «Тараз-Энерго 2005» ЖШС-мен ЖГРЭС-тегі 50% үлесін сату туралы шартқа қол қойды. Сату құны 2,469,307 мың теңгені құрады. Меншік құқығын беруді тіркеу 2015 жылы 18 мамырда аяқталды.

2014 жылы қабылданған жаңартылатын энергия көздері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістер «Samruk-Green Energy» ЖШС активтерінің өтелетін құнына теріс әсерін тигізді. Құнсыздануға жүргізілген тест нәтижесінде Басшылық 2014 жылы 31 желтоқсанда «Samruk-Green Energy» ЖШС-ға 739 235 мың теңге мөлшерінде салынған инвестицияның құнсыздануынан болған залалды мойындады. 2008 жылы 31 желтоқсанда «Өскемен ГЭС» АҚ мен «Шүлбі ГЭС» АҚ-ға сәйкесінше 465,019 мың теңге және 1,230,658 мың теңге мөлшерінде салынған инвестициялар су электр станциялары Компания үшін экономикалық пайда әкелмейтіндіктен, 2008 жылғы пайда мен зиян туралы есепте көрсетілді.

## 9 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

2016 жылғы 23 қарашада Директорлар кеңесі Үкіметтің бейінді емес активтерді жекешелендіру туралы қаулысына сәйкес бірқатар еншілес компанияларды сату жөніндегі жоспарды бекітті. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШҚАЭК, МЭБК, Ақтөбе ЖЭС және Тегис Мунай сатуға арналған Активтерге енгізілді.



**«САМҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

**9 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (жалғасы)**

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>
Еншілес компанияларға инвестициялар	
«Тегис Мунай» ЖШС	15,496,517
«Шығыс Қазақстан аумақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	7,723,741
«Маңғыстау электр торпатық бөлу компаниясы» АҚ	7,176,726
«Ақтөбе ЖЭС» АҚ	785,297
<b>Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>31,182,280</b>

2016 жыл бойында Компания еншілес ұйымның операциялық мұқтаждықтары үшін «Тегис Мунай» ЖШС-ға 661,448 мың теңге инвестиция салды.

**10 Берілген несиелер**

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
«Алматыэлектр станциясы» АҚ облигациялары	24,329,000	31,148,000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары	4,463,486	10,043,515
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ берілген заем	3,691,503	3,408,643
«Бірінші жел электр станциялары» ЖШС берілген заем (БЖЭС)	1,651,325	1,828,288
«МЭБК» АҚ облигациялары	1,198,337	1,191,941
БЖЭС ЖШС-ның заемы бойынша есептелген сыйақы	378,585	
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары	-	220,000
"ШҚАЭК" АҚ берілген қарыз	-	767,986
<b>Берілген несиелер жиыны – ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>35,712,236</b>	<b>48,608,373</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлім</b>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ облигациялары	10,043,515	-
«Алматы электр станциясы» АҚ облигациялары	2,745,000	6,187,401
Облигациялар бойынша сыйақылар	771,542	635,673
«Энергия Семиречья» ЖШС-ға берілген заем	450,901	65,000
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары	220,000	-
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ға берілген заем	180,000	450,000
Берілген несиелер бойынша есептелген сыйақылар	69,689	89,795
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров аясындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген несиелер	5,442	5,442
«Казахстан Инжиниринг» АҚ облигациялары	-	6,800,200
«ШҚАЕК» АҚ берілген заем	-	511,991
«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген заем	-	1,568,883
Басқалары	-	-
Құнсыздандуды шегергенде	(5,442)	(5,442)
<b>Берілген несиелердің жиыны – қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>14,511,037</b>	<b>16,339,333</b>

*«Алматы электр станциясы» АҚ-нан сатып алынған облигациялар*

«Алматы электр станциясы» АҚ алғашқы облигациялық бағдарламасы шеңберінде 100 теңге номиналды күнмен және жылдық 6% мөлшерлеменен 2014 жылдың наурыз айында 75,488,780 және 2014 жылдың сәуір айында 74,488,780 индекстелген облигацияларды орналастырды. Облигациялар «Алматы ЖЭО-2 АлЭС АҚ-ны қайта құру және кеңейту III кезек. №8 ст. қазандық агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру мақсатында шығарылған. Облигациялардың айналым мерзімі 2 жылдан 6 жылға дейін. Облигациялар Қазақстан қор биржасында қамтамасыз етілуші шығарылды және оны Самұрқ-Энерго сатып алды.

## **10 Берілген несиелер (жалғасы)**

2015 жылғы ақпан және қыркүйек айларында Компания айналу мерзімі 3 жылға дейін 100 теңге номиналды құнымен 14,587,785 мың теңге сомасында «Алматы электр станциясы» АҚ-ның облигацияларын қосымша сатып алды. Купондық сыйақы мөлшерлемесі бекітіліген, ол жылдық 6%-ды құрайды

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде «Алматы электр станциялары» АҚ 6,150,676 мың теңге индекстелген номиналды құны бойынша екінші және жетінші шығарылымдағы 32,988,780 дана облигацияны өтеді және 3,404,000 мың теңге индекстелген номиналды құны бойынша сегізінші шығарылымдағы 18,500,000 дана облигацияны мерзімінен бұрын сатып алды

### *«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигациялары*

2012 жылы желтоқсан айында Компания айналу мерзімі 5 жылға дейінгі номиналды құнмен 10,405,337 мың теңге сомасында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигацияларын сатып алды. Купондық сыйақы мөлшерлемесі бекітіліген, ол жылдық 7%-ды құрайды. 2016 жылы 31 желтоқсанда облигацияларды төлеу мерзімі -2017 жылығы желтоқсанда болғандықтан 10,043,515 мың теңге сомасында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигациялары қысқа мерзімді активтер деп жіктелді. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аталған облигациялар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктелді.

2016 жылғы тамыз айында Компания айналу мерзімі 5 жылға дейінгі 100 теңге номиналды құнмен 4,463,486 мың теңге сомасында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның облигацияларын сатып алды. Купондық сыйақы мөлшерлемесі бекітіліген, ол жылдық 15,5%-ды құрайды.

### *«МЭБК» АҚ облигациялары*

2013 жылы тамыз айында Компания айналу мерзімі 10 жылға дейінгі 1 теңге номиналды құнмен 1,601,674 мың теңге сомасында «МЭБК» АҚ-ның облигацияларын сатып алды. Купондық сыйақы мөлшерлемесі бекітіліген, ол жылдық 8%-ды құрайды.

### *«Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ-ның облигациялары*

2016 жылы 31 желтоқсанда облигацияларды төлеу мерзімі -2017 жылығы қазанда болғандықтан 220,000 мың теңге сомасында «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ-ның облигациялары қысқа мерзімді активтер деп жіктелді. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аталған облигациялар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктелді

### *«Қазақстан Инжиниринг» АҚ облигациялары*

«Қазақстан Инжиниринг» ҰАҚ АҚ жыл бойында 20,000 мың АҚШ доллары сомасындағы облигацияны өтеді.

### *«Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген заем*

2015 жылы 17 қыркүйекте және 2015 жылы 5 қарашада «Алматы электр станциялары» АҚ-мен 1,000,000 мың теңгеге және 1,249,331 мың теңгеге, сәйкесінше, 12 айға заем шарттары жасалды. Несиелер «АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2-ні қайта құру және кеңейту. III кезек. №8 ст. қазандық агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру мақсатында берілді. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 14%-ды құрады. 2016 жыл бойында Компания жалпы сомасы 644,648 мың теңгеге заем алды. 2016 жылы 18 қыркүйекте және 2016 жылы 29 қыркүйекте аталған шарттар бойынша алынған несиелер өтелді.

2016 жылы 22 сәуірде Самұрық-Энергомен 2,500,000 мың теңге сомасына 12 ай мерзімге заем шарты жасалды. Заем облигациялардың екінші шығарылымын өтеу мақсатында 2016 жылы 22 сәуірде берілді. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 16%-ды құрады. 2016 жылы 29 қыркүйекте «Алматы электр станциялары» АҚ аталған заем шарты бойынша берешегін өтеді.

### *«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген заем*

2011 жылы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа да объектілерді салуға және қайта құрылымдауға 7,000,000 теңге мөлшерінде заем берді. Заемды өтеу мерзімі – 2024 жылдың 21 қаңтары, пайыз мөлшерлемесі тоқсан сайын төленетін жылдық 2%-ды құрады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, берешек сомасы 3,691,503 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2015 ж.: 3,408,643 мың теңге).

## 10 Берілген несиелер (жалғасы)

Заемның баланстық құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталған болашақ ақша қаражаты ағынының келтірілген құнын білдіреді. АЖК заемының бастапқы таныған күнгі әділ құны мен оның номинал құнының арасындағы табыс салығын шегергендегі 3,675,691 мың теңге сомасындағы айырмашылық шамасы АЖК-ға салынған қосымша инвестиция ретінде танылды.

*«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға берілген заем*

2015 жылы Компания «БЖЭС» ЖШС-ға Еуразия Даму Банкінің заемын өтеу үшін 1,828,288 мың теңге сомасында заем берді. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі 14% мөлшерінде белгіленді. Негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақы төлеу заем мерзімінің соңында.

## 11 Басқа ұзақ мерзімді активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	2,200,000	2,200,000
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ға ұсынылған қаржылық кепілдер бойынша қарыз	1,211,193	704,977
Басқа ұзақ мерзімді активтер	105,525	213,484
<b>Барлық басқа ұзақ мерзімді активтер</b>	<b>3,516,718</b>	<b>3,118,461</b>

Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар 2014 және 2015 жылдары Компания үшін әкімшілік ғимарат салу мақсатында EXPO Village ЖШС-ға берілді.

«БЖЭС» ЖШС-ға берілген қаржылық кепілдік бойынша берешек 2014 жылы «БЖЭС» ЖШС-ға Еуразия Даму Банкінің жылдық 7.5% тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен 14,167,000 мың теңге сома заемы бойынша берілген кепілдік үшін есептелген пайыздарды білдіреді.

## 12 Дебиторлық берешек

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
«ТАРА3ЭНЕРГО-2005» ЖШС-дан дебиторлық берешек	-	2,098,911
Басқа дебиторлық берешек	-	4,911
<b>Барлық қаржылық дебиторлық берешек</b>	<b>-</b>	<b>2,103,822</b>

2016 жылы Компания 2015 жылы «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ-ны сату үшін «ТАРА3ЭНЕРГО-2005» ЖШС-дан 2,194,110 мың теңге алды.

## 13 Басқа қысқа мерзімді активтер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Қысқа мерзімді депозиттер	27,394,854	26,626,827
Алу үшін дивидендтер	2,436,471	2,634,314
Акционердің пайдасына арналған активтер	1,096,559	952,481
Төленген аванстар	241,719	85,380
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	66,144	52,903
Жұмысшылардың берешектері	54,129	48,065
Болашақ кезеңдердің шығындары	634	23,260
Басқалары	9,600	44,612
<b>Барлық басқа қысқа мерзімді активтер</b>	<b>31,300,110</b>	<b>30,467,842</b>

### 13 Басқа қысқа мерзімді активтер (жалғасы)

#### Қысқа мерзімді депозиттер

Төменде 2016 жылдың 31 желтоқсанына сатуға қысқа мерзімді депозиттер туралы ақпарат көрсетілген:

Банк	Құны, мың теңге	Төлеу мерзімі	%	Валюта
АТФ Банк	2,653,633	09.06.2017	4%	«АҚШ» доллары
Банк «Астана»	1,721,768	22.08.2017	10%	Тенге
Евразийский Банк	4,343,963	27.11.2017	3%	«АҚШ» доллары
Qazaq Banki	6,399,168	24.12.2016	5.35%	«АҚШ» доллары
Банк РБК	3,277,492	01.08.2017	4%	«АҚШ» доллары
Цесна Банк	8,998,830	24.12.2017	2.10%	«АҚШ» доллары
<b>Итого</b>	<b>27,394,854</b>			

Төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанына сатуға қысқа мерзімді депозиттер туралы ақпарат көрсетілген:

Банк	Құны, мың теңге	Төлеу мерзімі	%	Валюта
АТФ Банк	5,215,213	25.05.2016	5.30%	«АҚШ» доллары
Евразийский Банк	51,235	21.05.2016	5.30%	«АҚШ» доллары
Банк РБК	3,426,996	19.11.2016	5.30%	«АҚШ» доллары
Банк РБК	5,908,818	29.05.2016	5.30%	«АҚШ» доллары
Qazaq banki	6,630,195	24.12.2016	5.35%	«АҚШ» доллары
Цесна Банк	5,380,204	25.05.2016	5.30%	«АҚШ» доллары
<b>Итого</b>	<b>26,626,827</b>			

#### Акционердің пайдасына арналған активтер

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания өзіне Астана қаласында 1,174,065 сомасында бала бақшаны салу бойынша міндеттемені алды. Компания 1,174,065 мың теңге мөлшерінде бағаланған құрылыс құнына берген міндеттемені акционердің пайдасына өзге бөлулер ретінде мойындады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 1,096,559 сомасына бала бақшаны салумен байланысты зиян шекті. 2017 жылы ішінде Акционердің пайдасына табысты бөлу есебінен тапсырылуы күтілетіндіктен аталған нақты шеккен зияндар Акционердің пайдасын арналған ағымдағы активтер ретінде көрсетілді.

### 14 Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Банк шотындағы ақша қаражаты– АҚШ доллары	876,408	5,897,312
Банк шотындағы ақша қаражаты– Еуро	27,593	28,122
Банк шотындағы ақша қаражаты– теңге	105,821	558,565
Банк шотындағы ақша қаражаты– рубль	2	116
Жолдағы ақша қаражаты	-	-
Кассадағы ақша қаражаты	2,652	1,177
30 айға дейінгі жедел депозиттердегі ақша қаражаты– теңге	3,800,000	150,000
<b>Барлық ақша қаражаты және олардың эквиваленттері</b>	<b>4,812,476</b>	<b>6,635,292</b>

## 15 Акционерлік капитал

	Эмиссия күні	Жарияланған және шығарылған акциялар саны	Құны, теңге	Акционерлік капитал, мың теңге
<b>2015ж. 1 қаңтарына төленген капитал</b>		<b>5,585,437</b>		<b>355,364,386</b>
Акцияның 14-ші эмиссиясы	2015 ж. 15 шілде	286	1,000,065	286,019
<b>2015ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,585,723</b>		<b>355,650,405</b>
Акцияның 15-ші эмиссиясы	2016 ж. 1 сәуір	10,964	1,000,044	10,964,483
Акцияның 16-шы эмиссиясы	2016ж. 14 шілде	2,239	1,340,000	3,000,260
Акцияның 17-ші эмиссиясы	2016ж. 23 тамыз	2,761	1,340,000	3,699,740
<b>2016 ж. 31 желтоқсанында төленген капитал</b>		<b>5,601,687</b>		<b>373,314,888</b>

2016 ж. 31 желтоқсанында шығарылған қарапайым 5,601,687 акциялар толық төленді (2015ж.: 5,585,723 акция). Әр қарапайым акция бір дауысқа құқықты көрсетеді. Компанияда артықшылықты акциялар жоқ.

2016ж. 31 желтоқсанында «Самұрқ-Қазына» ҰАҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2015ж.: 100%)

2016 жылы 22 сәуірде Компания 2,041,000 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады, 2016 жылы 27 қазанда аталған дивидендтер Акционерге төленді (2015: 4,781,073 мың теңге).

## 16 Несиелер

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлім</b>		
Еурооблигациялар	-	169,846,110
Самұрқ-Қазынадан алынған несиелер	55,764,655	54,355,849
Ұзақ мерзімді банктік несиелер	10,670,000	10,000,000
<b>Несиелер – ұзақ мерзімді бөлім жиыны</b>	<b>66,434,655</b>	<b>234,201,959</b>
<b>Қысқа мерзімді бөлім</b>		
Еурооблигациялар	166,560,927	-
Қысқа мерзімді банктік несиелер	1,248,900	10,698,000
Самұрқ-Қазынадан алынған несиелер	2,381,109	2,381,110
Аударылған пайыздар – Самұрқ-Қазынадан алынған несиелер	236,088	800,135
Аударылған пайыздар – еурооблигациялар	190,947	194,797
Аударылған пайыздар – банктік несиелер	214,708	225,215
<b>Барлық қысқа мерзімді бөлім</b>	<b>170,832,678</b>	<b>14,299,257</b>
<b>Барлық несиелер</b>	<b>237,267,333</b>	<b>248,501,216</b>

## 16 Несиелер (жалғасы)

Төменде осы несиелердың теңгерімдік және әділ құндарын талдау көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2016 ж. 31 желтоқсан		2015 ж. 31 желтоқсан	
	Теңгерімдік құн	Әділ құн	Теңгерімдік құн	Әділ құн
Несиелер	58,381,852	53,653,250	57,537,093	47,960,689
Облигациялар	166,751,874	167,789,851	170,040,908	164,224,827
Банктік несиелер	12,133,608	12,133,608	20,923,215	21,098,858
<b>Несиелер жиыны</b>	<b>237,267,334</b>	<b>233,576,709</b>	<b>248,501,216</b>	<b>233,284,374</b>

### *Самұрық-Қазына*

2010 жылы 17 наурызда Компания Forum Muider-ден 50% үлесін сатып алу нәтижесінде қайта қаржыландыру мақсатында САМҰҒҚ-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасына келісімге отырды. Қарыз жылдық 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2029 жылдың 15 қарашасынан кеш емес өтеу мерзімімен берілді. Негізгі соманы жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздарды қарызды алғаннан кейін келесі есеп беру жылынан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2011 жылдың 14 қаңтарынан бастап Компания АЖК компаниясының кіші станциясын қаржыландыру үшін Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңгеге несиелік келісімге қол қойды. Қарыз жылдық 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, 2024 жылдың 25 қаңтарынан кеш емес өтеу мерзімімен берілді. Негізгі соманы жыл сайынғы тең өтеммен, ал пайыздарды жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 16 қаңтарында Компания ЕГРЭС-1-дегі қалған қатысу үлесін сатып алу үшін Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасына несиелік келісімге қол қойды. Негізгі соманы 2028 жылдың 1 желтоқсанында төлеу қажет, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық жарналармен төленеді.

2014 жылдың 3 қазанда, несиелік келісім №369 несиелік келісім-шартқа қосымшаларға сәйкес келесідей едәуір өзгерді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі несие сомасы Компания акцияларында айырбасталды
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 9%-ға дейін көтерілді, ол нарықтық пайыздық мөлшерлемеге біршама сәйкес келеді.

2015 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369 кредиттік шартқа қосымшаларға сәйкес елеулі өзгерілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1%-ға дейін азайды. Басшылық пайыздық мөлшерлемені 1% нарықтық емес мөлшерлемеге дейін азаюы, сондай-ақ заемның басымдығын тәртіптелгенге өзреугі заем шарттарында елеулі өзгерістерді білдіретінін бағалады. Басшылық заем шарттарында бұндай өзгеріс бастапқы заемды өтеу және жаңа заемды әділ баға бойынша мойындау ретінде ескерілуі тиіс екенін санайды.

Заемды алу күніне нарықтық құны жылдық 12.8%-ды құрайды. Басшылық арықтан төмен мөлшерлеме бойынша заемды ұсынған кезде Самұрық-Қазына Компанияның акционері ретінде әрекет етеді деп санағандықтан, Компания өзге капиталдың құрамындағы пайдаға салынатын салық тиімділігін шегеріп, 72,581,903 мың теңге сомасындағы заемды алғашқы мойындаудан алынатын табысты мойындады.

Алғашқы алынған заемнан алынған пайда алынған номиналдық баға мен дисконтталған ақша ағындарының әдісін және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлермесін пайдалана отырып есептелген мойындау күніне әділ баға арасындағы айырмашылық ретінде көрсетілді.

### *Облигациялар*

2012 ж. 7 қыркүйегіндегі және 2012 ж. 6 желтоқсанындағы директорлар Кеңесінің шешімінің негізінде Еурооблигацияның алғашқы эмиссиясының келесі параметрлері бекітілді:

- Эмиссия көлемі - 500,000,000 АҚШ доллары;
- Эмиссия түрі – S қосымшасына сәйкес;
- Төлемгі вексельдер 5 жылдан кейін

Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 3.75% деңгейінде тіркелген (тиімді мөлшерлеме 3.85%). Шығарылатын облигациялардың саны мен түрі: қамсыздандаралмаусыз 500,000 (бес жүз мың) облигация. Бір облигацияның номиналдық құны 1,000 (бір мың) АҚШ долларын құрайды. Эмиссия 2012 ж. 20 желтоқсанда ISIN-XS0868359166 нөмірімен Ирландия қор биржасында тіркелді.

## **16 Несиелер (жалғасы)**

2012 ж. 19 желтоқсанда Қазақстандық қор биржасы «Самұрқ-Энерго» АҚ-ын ISIN-XS0868359166 нөмірмен «рейтингті бағамен несиелік құнды қағаздар» санатының ресми тізіліміне енгізді. Топ еурооблигацияның 500,000 мың АҚШ доллары көлемінде толық сомасын шығарды және орналастырды.

2013 жылдың бірінші жарты жылдығы бойы 2015 жылдың қараша айында төленетін, жалпы сомасы 2,956,595 мың теңгеге облигацияларды Топ Қазақстандық қор биржасына орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 6% құрады.

2015 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңге бағамын қолдауды тоқтатуды және валюталық басқыншылықты төмендетуді шешті. Нәтижесінде 2016 жылдың 31 желтоқсанында 1 АҚШ долларына теңгенің айырбас бағамы 182.35 теңгеден 333,29 теңгеге дейін құнсызданды (2015ж.: 1 АҚШ долларына 340.01 теңге). 2015 жыл Компания курстық айырмашылық бойынша АҚШ долларына іріленген еурооблигацияларға қатысты залалды 78,823,854 мың теңге деп мойындады.

2016 жылғы 31 желтоқсанда Еурооблигациялар облигацияларды төлеу мерзімі – 2017 жылғы желтоқсанда болғандықтан, қысқа мерзімді несиелер ретінде жіктелді. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аталған облигациялар ұзақ мерзімді несиелер ретінде жіктелді.

### *АТФ банк*

2014 жылдың 13 қазаны мен 14 қарашасында Компания АТФ банкпен жалпы белгіленген несиелік келісім жасады. Пайыз ай сайын төленуге жатады және заемның мерзіміне тәуелді жылдық 11% және 13% құрайды. Бір кредиттік желі блйынша несиелер 2015 жылы ішінде толық төленді. 2015 жылғы қыркүйек айында Компания айналу капиталын толықтыруға 4,500,000 мың теңге мөлшерінде қолданыстағы несиелік желі бойынша салық заемын алды. Пайыздық мөлшерлеме 11%-ды құрайды, аталған заем бойынша қамсыздандыру жоқ. Заем 2016 жылғы наурызда өтелді.

### *Халық Банк*

2015 жылғы 25 мамырда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан ауыналым құралдарын толықтыру үшін 10,000,000 мың теңге мөлшерінде жаңартылатын несиелік желісін ашты. Пайыздық мөлшерлеме ай сайын төленіуге тиіс және несиелердің мерзіміне тәуелді 10.5%-дан 12.5%-ға дейін құрайды. 2015 жылғы 6 қарашада Компания 2015 жылғы 1 қазаннан бастапжаңадан берілген несиелер үшін мерзімнен тәуелсіз 12.5% мөлшерінде пайыздың мөлшерлемесін белгілей отырып, 2017 жылғы 26 мамырға дейін алатын несиелік желісі бойынша мерзімді ұзартты. Несиелік желі аясында 2015 жылы алынған несиелердің жалпы сомасы 20 698,000 мың теңгені құрайды. 2016 жылы ішінде Компания аталған несиелік сома бойынша 6 198 000 мың теңге заем қалдығын өтеді (2015ж.: 14,500,000 мың теңге).

### *Казкоммерцбанк*

2015 жылы ішінде «Казкоммерцбанк» АҚ-мен 2015 жылғы 21 қазандағы №1610 несиелік желіні ашу туралы келісім аясында айналу капиталын толықтыру мақсатында 5 жыл мерзіміне 10,000,000 мың теңге сомасында заем алынды, номиналды мөлшерлеме - 12%, тиімді мөлшерлеме - 12.7%.

### *«Сбербанк России» АҚ ЕБ*

2016 жылы ішінде Компания 16.06.2017ж. төлеу мерзімі бір жылдық 14,5% мөлшерлемесі бойынша 230,000,000 ресей рубль мөлшерінде заем, сондай-ақ 2018 жылғы 21 желтоқсанға дейін төлеу мерзімі бар жылдық 13% мөлшерлемесі бойынша 670,000,000 теңге сомасында ұзақ мерзімді заем алды.

## **17 Қаржы кепілдері**

2016 жылғы 31 қарашада Компанияда «Бірінші Жел Электр Станциясы» ЖШС мен «Шардара ГЭС» АҚ-да алған заемге берілген кепілдігі бар. Алғашқы мойындау кезіндегі әділ баға заем алушы Компания қамтамасыз еткен алған несие бойынша пайыздық мөлшерлеме және егер Компания кепілдік бермесе де қабыланатын пайыздық мөлшерлеме арасында айырмашылықты көрсететін кепілмен жабылған пайыздық мөлшерлеме сомасына қабылдау нәтижесінде алған сома ретінде белгіленді.



**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

**17 Қаржы кепілдері (жалғасы)**

Қазақстан теңгесімен, мың	Кепілді міндеттемелер сомасы		Кепілдік кезеңі		Кепілдік бойынша бағалау мөлшерлемесі
	31 желтоқсан 2016 г.	31 желтоқсан 2015 г.	Кепілдіктің шығарылған күні		
Компания				Кезең	
ТОО «ПВЭС»	13,174,957	14,310,421	29 Апрелья 2013 г.	29 Апрелья 2024 г.	1%
АО «Шардаринская ГЭС»	11,450,000	7,500,000	2 Декабрья 2015 г.	2 Декабрья 2023 г.	3%
<b>Итого</b>	<b>24,624,957</b>	<b>21,810,421</b>			

**18 Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер**

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Өнім берушілер мен мердігерлерге кредиторлық берешек	234,230	345,448
Тендерге қатысқаны үшін кепілді міндеттеме	158,820	2,264,065
Басқа кредиторлық берешек	514,748	216,535
<b>Барлық қаржылық кредиторлық берешек</b>	<b>907,798</b>	<b>2,826,048</b>

**19 Акционер алдындағы міндеттеме**

Акционердің тапсырмасы бойынша Компания Астана қаласында 1,174,065 мың теңге сомаға балабақша салу бойынша міндеттеме қабылдады. Компания құрылыстың акционердің пайдасына өзге бөлу ретіндегі 1,174,065 мың теңге мөлшерінде бағаланған құнына міндеттеме алды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания балабақша құрылысына байланысты 1,096,559 мың теңге сомасына зиян шекті. Бұл нақты шыққан шығындар Акционердің пайдасына арналған ағымдағы актиатер ретінде көрсетілді, бұл активтер табысты Акционердің пайдасына бөлу есебінен Акционерге 2017 жыл ішінде беріледі деп күтілуде.

**20 Жалпы және әкімшілік шығыстар**

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж.	2015 ж.
Жалақы және онымен байланысты шығыстар	2,468,579	2,550,957
Консультациялық және басқа қызметтер	1,287,222	753,466
Жалға алу бойынша шығыстар	338,046	361,370
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	344,763	311,445
Салықтар	185,860	220,651
Іс-сапар шығыстары	142,312	145,038
Демеушілік көмек	-	90,000
Қызметкерлерді оқыту және оған байланысты шығыстар	77,599	89,008
Сақтандыру	40,546	33,462
Байланыс шығыстары	36,073	26,208
Мүшелік жарналар	162,800	85,108
Басқалары	508,697	359,063
<b>Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар</b>	<b>5,592,497</b>	<b>5,025,776</b>

## 21 Дивиденд бойынша табыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Fogum Muider B.V	4,984,002	5,038,901
«Бұқтырма СЭС» АҚ	2,420,599	1,545,366
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ЕМАЭС-1» ЖШС	2,200,000	8,000,000
«Ақтөбе ЖЭС» АҚ	104,162	-
«Маңғыстау электр торпатық бөлу компаниясы» АҚ	90,608	180,017
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	78,721	616,572
«Шардара СЭС» АҚ	36,458	114,506
«Карагандагипрошахт и К» ЖШС	2,358	-
«Шығыс Қазақстан аумақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	459	76.571
«Алматы электр станциясы» АҚ	-	468,492
«Екібастұз ЕМАЭС -2 станциясы» АҚ	(1,500,000)	-
<b>Итого доходы по дивидендам</b>	<b>8,417,367</b>	<b>16,040,425</b>

## 22 Қаржылық табыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Облигацияларды индекстеуден түскен табыс	-	17,257,185
Облигациялар бойынша пайыздық табыстар	3,453,090	3,258,858
Банктік депозиттер бойынша пайыздық табыстар	1,326,390	1,502,845
Берілген қаржылай көмек бойынша пайыздық табыстар	863,014	460,852
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконт амортизациясы	282,861	259,804
Өзге	485,915	18,881
<b>Барлық қаржылық табыстар</b>	<b>6,411,270</b>	<b>22,758,425</b>

## 23 Қаржылық шығыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Қарыздық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар бойынша шығыстар	6,405,375	4,456,484
Акционерлердің несиелері мен қаржылай көмегі бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	3,864,729	1,913,099
Несиелерға қатысты сыйақы бойынша шығыстар	3,155,718	11,556,741
Облигацияларды индекстеу бойынша шығыстар	706,726	-
Өзге	133,158	324,128
<b>Барлық қаржылық шығыстар</b>	<b>14,265,706</b>	<b>18,250,452</b>

## 24 Басқа операциялық шығыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
«Мойнак СЭС» АҚ салынған инвестициялардың құнсыздануы	5,399,568	-
«КарагандаГипрШахт» ЖШС-ға салынған инвестициялардың құнсыздануы	131,303	-
Өзге	21,005	258,333

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

<b>Барлық басқа операциялық шығыстар</b>	<b>5,551,876</b>	<b>258,333</b>
--	------------------	----------------

**25 Табыс салығы**

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж.	2015 ж.
Ағымдағы табыс салығы	272,740	277,567
Кейінге қалдырылған табыс салығы	-	-
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыстар</b>	<b>272,740</b>	<b>277,567</b>

Төменде салық бойынша теориялық және нақты шығыстар салыстырылып тексерілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж.	2015 ж.
<b>ХҚЕС бойынша салық салғанға дейінгі алынған пайда</b>	<b>7,470,565)</b>	<b>(38,944,587</b>
Қолданыстағы 20% (2015ж.: 20%) мөлшерлеме бойынша табыс салығына қатысты теориялық шығыс	(1,494,113)	(7,788,917)
Түзетулер:		
Дивидендтер бойынша табыстар	(1,683,473)	(3,317,005)
Шегерілмейтін шығыстар	103,022	166,053
Төлеу көзінен ұсталған табыс салығы	272,740	277,566
Өзге	23,089	(737,099)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	4,396,955	11,676,969
Өткен жылдардың түзетулері	(1,345,480)	-
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыстар</b>	<b>272,740</b>	<b>277,567</b>

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамаларының арасындағы айырмашылық активтердің теңгерімдік құны және бухгалтерлік есептегі міндеттемелері мен олардың салық базасының арасында уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеліп соғады. Уақытша айырмашылықтардың өзгеруіне салықтың әсері төменде көрсетілген және қолданылуы уақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру кезеңінде күтілетін салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген.

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж. 1 қаңтар	Пайда мен залал есебіне жатқызылды	2016 ж. 31 желтоқсан
<b>Шегерілетін уақытша айырмашылықтардың салықтық тиімділігі</b>			
Ауысқан салықтық залал	16,211,135	2,119,652	18,330,787
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға берілген несиелер	730,533	(21,730)	709,163
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	266,056	961,941	1,227,997
Басқа дебиторлық берешек	41,503	286,066	327,569
Кепілдік	-	(286,455)	286,455
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>	<b>17,249,227</b>	<b>3,632,744</b>	<b>20,881,971</b>
Танылмаған салықтық активтер	-	(4,396,956)	(4,396,956)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша	(17,249,227)	764,212	(16,485,015)

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

міндеттемелері бар есепке алуды шегеру

**Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер** - - -

**25 Табыс салығы (жалғасы)**

**Салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері**

Негізгі құралдар (116,166) 85,918 (30,428)  
 Несиелер (17,133,061) 678,294 (16,454,767)

**Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер** (17,249,227) 764,212 (16,485,015)

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру 17,249,277 (764,212) 16,485,015

**Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер** - - -

Компания көз жетерлік келешекте төлем көзіне табыс салығы салынатын кірістен басқа салық салынатын табыс алуды жоспарламайды.

	2015 ж. 1 қаңтар	Пайда мен залал есебіне жатқызылды	Капиталға жатқызылды	2015 ж. 31 желтоқсан
<b>Қазақстан теңгесімен, мың</b>				
<b>Шегерілетін уақытша айырмашылықтардың салықтық тиімділігі</b>				
Ауысқан салықтық залал	4,852,711			
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға берілген несиелер	781,937			
Еншілес, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар	266,056			
Басқа дебиторлық берешек	54,962		-	41,502
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық активтер</b>	<b>5,955,666</b>		-	<b>17,249,226</b>
Танылмаған салықтық активтер	(2,768,602)		14,445,571	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру	(3,187,064)		(14,445,571)	(17,249,226)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған активтер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>				
Негізгі құралдар	(81,021)	(35,145)	-	(116,166)
Несиелер	(3,106,043)		(14,445,571)	(17,133,060)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жиынтық міндеттемелер</b>	<b>(3,187,064)</b>	<b>383,409</b>	<b>(14,445,571)</b>	<b>(17,249,226)</b>
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есепке алуды шегеру	3,187,064	(383,409)	14,445,571	17,249,226

**«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертулер – 2016 жылығы 31 желтоқсан**

---

---

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша  
танылған міндеттемелер

- - - -

---

## **25 Табыс салығы (жалғасы)**

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания кейінгі кезеңге ауыстырылған пайдаланылмаған салық залалдарына қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша 4,396,956 мың теңге сомасындағы активтерді мойындады. Бұл залалдар 2025 және 2026 жылға дейін қолданылуы мүмкін, сәйкесінше, 2,673,841 мың теңге және 1,723,115 мың теңге.

Компания мерзімі ұзартылған активтер/міндеттемелер төмендегідей өтеледі деп күтеді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	<b>31 желтоқсан 2016 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2015 ж.</b>
Кейінгі 12 ай ішінде сатылатын мерзімі ұзартылған салықтық активтер	92,154	21,370
12 айдан артық кезеңде сатылатын мерзімі ұзартылған салықтық активтер	16,392,861	17,227,857
Кейінгі 12 ай ішінде өтеуге жататын мерзімі ұзартылған салықтық міндеттемелер	340,447	764,212
12 айдан артық кезеңде өтеуге жататын мерзімі ұзартылған салықтық міндеттемелер	16,114,320	16,485,015

## **26 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер**

### **Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық ахуал**

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарыққа тән кейбір ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Ол еліміздің экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газға, және басқа минералдық шикізатқа бағаның ауытқуына айрықша сезімтал. Бұл ерекшеліктер сонымен қатар елден тысқары еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуына және бағалы қағаздар нарығын жою деңгейінің төмен болуына байланысты, бірақ бұлармен шектелмейді.

Мұнай мен басқа минералдық шикізатқа бағаның төмен болуы, айырбас бағамының құбылмалылығы халықаралық қаржыландыруды тартуға байланысты қиындықтардың туындауы мен өтелімділікті азайтуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз әсер етті және әсер етуді жалғастыра беруі мүмкін.

Ұлттық Банк 2016 жыл бойына теңгенің өзгермелі айырбас бағамы режимін ұстанды. Негізгі сырьқы және ішкі факторлардың әсерінен теңге 1 АҚШ доллары үшін 327,66 – 383,91 теңге диапазонында ауытқыды. Оның үстіне бағаның мұнайдың бір барреліне 27 долларға дейін азаюына байланысты теңге бағамының құбылмалылығы 2016 жылдың басында байқалды. Осы есеп жасалған күнгі жағдай бойынша, биржалық бағам жыл бойында 2,0%-ға тұрақтала отырып, 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңгені құрады. Негізгі факторлардың ықпалы байқалмайтын бағамның күрт ауытқуын шектеу үшін Ұлттық Банк 2016 жылғы қаңтардан тамызға дейінгі кезеңде шетелдік валютаны сатып алушы рөлін атқарды. Аталған кезеңде Ұлттық Банктің АҚШ долларын таза сатып алу бойынша интервенциясының көлемі 2,9 млрд. АҚШ долларын құрады. 2016 жылдың 4-тоқсанында ішкі нарықтағы жағдайдың тұрақталуы, теңге бағамына қатысты жағымсыз үміттердің азаюы Ұлттық Банктің 2016 жылдың қыркүйегінен бастап қатарынан төрт ай бойында валюта нарығына қатыспауына мүмкіндік берді. Осылайша, теңгенің айырбас бағамына қатысты анықтықтың болмау факторы, сондай-ақ бұл фактордың Қазақстан Республикасының экономикасына әсер ету факторы бар.

2016 жылы қаңтардың ортасында Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі 2016-2019жж. арналған кезеңде мұнай бағасына қатысты өз болжамын айтарлықтай азайтты. Қазақстан экономикасы белгілі бір дәрежеде Standard & Poor мұнай-газ секторына тәуелді болғандықтан, енді ІЖӨ-нің тоқырауын немесе оның болмашы ғана өсуі күтіледі.

Сәйкесінше, 2016 жылы ақпанда Standard & Poor Қазақстанның шетелдік және ұлттық валюталардағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін BBB-дан BBB-ға дейін азайтты. Бұдан бөлек, S&P Қазақстанның шетелдік және ұлттық валюталардағы міндеттемелері бойынша қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «А-2»-ден «А-3»-ке дейін азайтты, ал ұлттық шәкіл бойынша рейтинг – «kzAA+»-ден «kzAA-»-ға дейін. Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам – «теріс».

Рейтинг бойынша теріс болжам шикізат тауарларының жаһандық нарығындағы ағымдағы осал және тұрақсыз жағдайды ескере отырып, агенттіктің өсіп отырған сыртқы тәуекелдері мен ақша-несие саясатына байланысты тәуекелдері туралы пікірін көрсетеді.



## **26 Шартты және келісім-шартты міндеттемелер және операциялық тәуекелдер (жалғасы)**

Қаржы нарықтары бұрынғысынша тұрақтылықтың болмауымен, бағалардың жиі әрі мәнді өзгерістерімен, сауда операциялары бойынша спрэдтердің артуымен сипатталады. Аталған экономикалық орта Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына елеулі әсер етеді. Басшылық Компанияның орнықты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолданады. Дей тұрғанмен, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салаларын болжамдау қиын, ағымдағы үміттер мен басшылықтың бағасының нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасындағы электр энергетикасы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеуші өзгерістердің ықпалына ұшырағыш болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары айтарлықтай деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің, яғни Компанияны бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Басшылық ағымдағы экономикалық жағдай мен есепті кезеңнің аяғындағы болжамды ескере отырып, құнсыздануға жататын резервті анықтады. Негізгі қызмет пен өзге дебиторлық берешектің құнсыздануға жататын резервтері қодануға болатын қаржылық есептілік стандарттарында көзделген «келтірілген залал» моделін қолдана отырып анықталды. Бұл стандарттар өткен оқиғалармен байланысты дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалдарды тануды талап етеді және бұл жағдайлардың қаншалықты мүмкін болатынына қарамастан, болашақ оқиғаларға байланысты залалдарды тануға тыйым салады.

Компания халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындарды электр энергиясымен қамтамасыз ететін электр энергетикалық кешен кәсіпорындарын біріктіретін болғандықтан, оның Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызға ие. Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың жаңа электр станцияларын салу мен жұмыс істеп тұрған электр станцияларын қайта құруды көздейтін энергетикалық секторын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады. Басшылық электр энергетикасы саласы ел экономикасының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылатындықтан, Компания Қазақстан Республикасының Үкіметінен қолдау табады деп үміттенеді.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсуіе қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді.

### **Салық заңнамалары**

Қазақстанның салық заңнамалары мен тәжірибесі үздіксіз өзгеріп отырады, олар түрлі түсініктемелер мен жеке өзгерістерге ұшырауы мүмкін, сондықтан оның ретроспективті әсері болуы мүмкін. Сонымен қатар, салық органдарының Компанияның мәмілелері мен қызметіне қатысты қолданатын салық заңнамаларының интерпретациясы басшылықтың интерпретациясымен сәйкес келмеуі мүмкін. Соның салдарынан, кейбір мәмілелерді салық органдары даулауы мүмкін және Компанияға қосымша салықтар, өсімдер және айыппұлдар е мүмкін. Салықтық тексерулер салық органдары тарапынан құжаттарды тексеру үшін бес жылда бір рет өтеді. Кейбір жағдайларды салықтық тексерулер бес жылдан асатын кезеңді жаба алады.

Компания басшылығы заңнама нормаларын өз интерпретациясының дұрыстығы мен салық, валюта және кеден заңнамалары мәселелерінде Компнаия ұстанымының негізділігіне сенімді. Басшылықтың пікірінше, Компания осы қаржылық есептілікте қалыптастырылған, резервтен асатын ағымдағы және әлеуетті салық талаптары бойынша елеулі залал шекпейді.

### **Сақтандыру**

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандыру түрлері әзірге Қазақстанда қолжетімсіз. Компанияның өндірістің тоқтап қалуына байланысты өндірістік ғимараттарына, жылжымайтын мүлік нысанына немесе апат салдарынан немесе Компания қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалға қатысты үшінші тарап алдында пайда болған міндеттемелерінің залалдары бойынша толық сақтандыру қорғанысы жоқ. Компания толыққанды сақтандыруды жаппайынша, белгілі бір активтердің жойылу және бұлну тәуекелі бар, ол Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына кері әсер етеді.

### **Сот талқылауы**

Компания қалыпты қызметін жүзеге асыру барысында пайда болған белгілі бір басқа сот үрдістеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі кезде Компанияның қаржылық жағдайына жағымсыз әсері болуы мүмкін қандай да бір ағымдағы сот үдерістері немесе өзге аяқталмаған шағымдар, нәтижелер жоқ.

## 27 Санаттар бойынша қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар бойынша есепке алу саясатының қағидаттары төменде көрсетілген баптарға қолданылды:

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескер.	2016 ж. 31 желтоқсаны	2015 ж. 31 желтоқсаны
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	14	4,812,476	6,635,292
Несие мекемелеріндегі ақша қаражаты	13	27,394,854	26,626,827
Қаржылық дебиторлық берешек	12	-	2,103,822
Еншілес ұйымдардың берілген кепілдіктер бойынша берешегі	11	1,211,193	704,977
Алу үшін дивидендтер	13	2,436,471	2,634,314
Берілген несиелер мен қаржылай көмек	10	50,223,273	64,947,706
<b>Барлық қаржылық активтер</b>		<b>86,082,634</b>	<b>103,652,938</b>
Несиелер	16	237,267,334	248,501,216
Қаржылық кредиторлық берешек	18	907,798	2,826,048
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>		<b>238,175,132</b>	<b>251,327,264</b>

## 28 Қаржылық тәуекелдерді басқару

### Қаржылық тәуекел факторлары

Компанияның қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге ұшыратады: нарықтық тәуекел (валюта тәуекелі, ақша қаражатының қозғалысына пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелін қоса алғанда), несиелік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейінде тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарығындағы кенеттен болатын тәуекелдерге шоғырландырылған және Компанияның қаржылық нәтижелеріне әлеуетті жағымсыз әсер етуді мүмкіндігінше қысқартуға бағытталған. Компания тәуекелге тап болуды хеджерлеу үшін ерікті қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Компанияның тәуекелдерді басқаруы қаржылық тәуекелдерге, операциялық және заңдық тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекелдерді басқарудағы негізгі міндет болып тәуекел шектелімін анықтау және белгіленген шектелімдерді сақтауды әрі қарай да қамтамасыз ету табылады. Операциялық және заңдық тәуекелдерді басқару операциялық және заңдық тәуекелдерді мейлінше азайту мақсатында ішкі регламенттер мен рәсімдерді дұрыс сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

### (а) Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – сатып алушылар немесе контрагенттердің қаржылық құралдар бойынша өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты Компанияда пайда болатын қаржылық залал тәуекелі.

Қазақстан теңгесімен, мың	Рейтинг (Moody's)	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Қаржылық дебиторлық берешек	Жоқ	-	2,103,822
Алу үшін дивидендтер	Жоқ	2,436,471	2,634,314
Берілген несиелер мен қаржылай көмек	Жоқ	50,223,273	64,947,706
Еншілес ұйымдардың берілген кепілдіктер бойынша берешегі	Жоқ	1,211,193	704,977



**28 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері:

Центр Кредит Банкі	B	6	5, 656
Халық банкі	BB	4,672 094	2,001,971
Казкоммерцбанк	CCC	35 055	895,588
АТФ банк	CCC	8 735	8,739
Астана Банкі	B	13 976	3,400,100
Цесна банк	B	15 270	323,238
Жинақбанк ЕБ	BB-	1 857	-
Банк RBK	B-	23 045	-
Qazag Banki	B-	39 786	-

<b>Ағымдағы банктік шоттардағы барлық жиынтық қаражат және кассадағы қолма-қол ақша</b>		<b>4,809,824</b>	<b>6,635,292</b>
---	--	------------------	------------------

Несиелік мекемелердегі қаражаттар:

RBK	-	3 277 492	9,335,814
АТФ банк	CCC	2 653 633	5,215,213
Еуразиялық банк	B	4 343 963	51, 235
Qazag Banki	B-	6 399 168	6, 630,195
Астана Банкі	B	1 721 768	14,167
Цесна банк	B	8 998 830	5,380,203

<b>Несиелік мекемелердегі барлық қаражат</b>		<b>27, 394,854</b>	<b>26,626,827</b>
--	--	--------------------	-------------------

<b>Барлық несиелік тәуекелге барынша көп ұшыраушылық</b>		<b>86,082,634</b>	<b>103,652,938</b>
--	--	-------------------	--------------------

**(б) Өтімділік тәуекелі**

**Өтімділік тәуекелі**

– Компанияда қаржылық міндеттемелерді атқарған, ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активтерді беру арқылы есеп айырған кезде пайда болатын тәуекелдер. Компанияның өтімділікті басқаруға қатысты ұстанымы Компания беделін тәуекелге ұшыратпай, қолайсыз залалдарға жол бермей, қалыпты жағдайда да, сондай-ақ шиеленісті жағдайларда да өз міндеттемелерін мерзімінде өтеу үшін жеткілікті өтімді қаражаттың үнемі болуын мүмкін болғанынша қамтамасыз ету болып табылады.

Төмендегі кестеде шарттың талаптарында көзделген өтеу мерзімінің соңына дейін есеп беру күніне қалдырылған, мерзімі көрсетілген өтеу мерзімдері бойынша бөлінген Компанияның қаржылық міндеттемелері талданған.

	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз уақыт мерзімде	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>					
<i>2016 жыл 31 желтоқсан</i>					
Несиелер	70,000	2 906 896	3 595 793	29 648 258	136 922 756
Еурооблигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	172,894,188	-	-
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	-	907,796	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	1,249,215	388, 943	1, 678, 339	18 122 016	7 302 424
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>1,319,215</b>	<b>4,203,635</b>	<b>178,168,320</b>	<b>47,770,274</b>	<b>144,225,180</b>
<i>2015 жыл 31 желтоқсан</i>					
Несиелер	79,231	11,838,835	5,123,191	20,637,783	130,811,092
Еурооблигациялар бойынша міндеттемелер	-	-	6,365,063	169,735,000	-
Басқа кредиторлық берешектер және есептелген міндеттемелер	-	2,826,048	-	-	-
Қаржылық кепілдіктер	-	-	1,221,949	8,978,705	22,463,887
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>79,231</b>	<b>14,664,883</b>	<b>12,710,203</b>	<b>199,351,488</b>	<b>153,274,979</b>

**28 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**(в) Нарықтық тәуекел**

**Валюталық тәуекел**

Компанияның кейбір несиелері (16-ескертпе), қысқа мерзімді депозиттер (13-ескертпе) және ақша қаражаты (14-ескертпе) шетелдік валютада (АҚШ долларында және еуро) көрсетілген, сондықтан Компания валюталық тәуекелге тартылды. Қазақстан нарығында туынды қаржылық құралдарды таңдау шектеулі болғандықтан және мұндай құралдар қымбат болып есептелетіндіктен, басшылық Компанияның валюталық тәуекелін хеджирлеу туралы шешім қабылдады, өйткені мұндай құралдардан алынатын пайда сәйкес шығыстарды жаппайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған жағдайда хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық туындылар нарығындағы өзгерістерді қадағалап отыруды жалғастырады. Төмендегі кестеде шетел валютасында көрсетілген активтердің жалпы сомасы мен валюталық тәуекелдерге тартылуға алып келетін міндеттемелер көрсетілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	АҚШ доллары	Еуро	Басқа валюталар	Барлығы
<i>2016 жыл 31 желтоқсан</i>				
Активтер	28,301,296	114,543	3,602	28,419,441
Міндеттемелер	(166,865,816)	(3,448)	(1,281,570)	(168,150,834)
<b>Таза ұстаным</b>	<b>(138,564,520)</b>	<b>111,095</b>	<b>(1,277,968)</b>	<b>(139,731,392)</b>
<i>2015 жыл 31 желтоқсан</i>				
Активтер	40,567,395	28,122	116	40,595,633
Міндеттемелер	(170,040,908)	(25,899)	-	(170,066,807)
<b>Таза ұстаным</b>	<b>(129,473,513)</b>	<b>2,223</b>	<b>116</b>	<b>(129,471,174)</b>

Төменде кестеде валюталық тәуекелге ұшыратуы мүмкін шетелдік валютадағы активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы көрсетілген

Қазақстан теңгесімен, мың	2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
	Пайдаға немесе залалға және капиталға тигізген әсері	Пайдаға немесе залалға және капиталға тигізген әсері
АҚШ долларының [13%]-ға тұрақталуы (2015 ж.: [60%]-ға тұрақталуы)	(18,013,388)	(77,684,108)
АҚШ долларының [13%]-ға құлауы (2015 ж.: [20%]-ға құлауы)	18,013,388	25,984,703
Еуроның [15%]-ға тұрақталуы (2015 ж.: [60%]-ға тұрақталуы)	16,664	1,334
Еуроның [15%]-ға құлауы (2015 ж.: [20%]-ға құлауы)	(16,664)	(445)
Басқа валюталардың [17%]-ға тұрақталуы (2015 ж.: [53%]-ға тұрақталуы)	(217,255)	61
Басқа валюталардың [19%]-ға құлауы (2015 ж.: [23%]-ға құлауы)	242,814	(27)

## **28 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

### **Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі**

Сыйақылар мөлшерлемесінің өзгеруі, негізінен, несиелер мен несиелерды не олардың әділ құнын (сыйақының бегілген мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер), не олар бойынша болашақ ақша ағынын (сыйақының ауыспалы мөлшерлемесі бар несиелік міндеттемелер) өзгерте отырып, тартуға әсер етеді. Компания Басшылығының тіркелген және ауыспалы сыйақы мөлшерлемелері бар несиелер арасындағы Компанияның пайыздық тәуекелдері қандай арасалмақта орналастырылу керек екені жайлы ресми бекітілген саясаты жоқ. Бірақ жаңа несиелер мен несиелерды тартқан кезде басшылық өзінің кәсіби пайымдауы негізінде өтеу мерзімі басталғанға дейін күтілетін кезең бойы Компания үшін тіркелген не ауыспалы мөлшерлеменің қайсысы неғұрлым пайдалы болатыны туралы мәселені шешеді.

### **Капиталды басқару**

Капиталды басқарудағы Компанияның міндеттері болып капитал құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдауда және акционерлер мен басқа мүдделі тараптарды пайдамен қамтамасыз ету үшін үздіксіз қызмет ету қағидасына сәйкес, Компанияны өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету табылады. Капитал құрылымын қолдау көрсету және оған түзету үшін Компания акционерлерге төленетін дивидендтер сомасын түзете алады, акционерлерге капиталды қайтарып бере алады немесе қарыз қаражаттарын азайту үшін активтерді тарата алады. Саладағы басқа да компаниялар сияқты Компания меншікті және заем капиталының арасалмағы негізінде капиталға мониторинг жүргізеді. Мұндай арасалмақ капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза заем қаражаттары ретінде анықталады.

Таза заем қаражаты ақшалай қаражат пен эквиваленттерді алып тастағанда (қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «қысқа мерзімді несиелер» мен «ұзақ мерзімді несиелерды» қоса алғанда) несиелердың жалпы сомасы ретінде анықталады. Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «Барлық капитал, және оған қоса таза заем қаражаты » ретінде белгіленеді.

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Барлық несиелер	16	237,267,333	248,501,216
<i>Минус:</i>			
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	14	(4,812,476)	(6,635,292)
Таза заем қаражаты		232,454,857	241,865,924
Барлық меншікті капитал		415,258,327	407,378,148
<b>Барлық капитал</b>		<b>647,713,184</b>	<b>649,244,072</b>
<b>Заем мен меншікті капиталдың арасалмағы</b>		<b>55.98%</b>	<b>59,37%</b>

## **29 Қаржылық құралдардың әділ құны**

### **Әділ құнды бағалау**

Әділ құн мүдделі тараптардың арасындағы ағымдағы операциялар барысында қаржылық құралдар мәжбүрлеп сатылған немесе жойылған жағдайларынан басқа жағдайларда, айырбасталуы мүмкін болатын соманы көрсетеді. Әділ құнның ең дұрыс дәлелі белсенді нарықтағы қаржылық құралдың бағасын белгілеу табылады. Қаржылық құралды бағалаудың әділ құнын Компания қолда бар нарықтық ақпараттарға (олар бар болған жағдайда) және тиісті бағалаудың әдістеріне сүйене отырып есептеді. Алайда әділ құнды анықтау мақсатында нарықтық ақпаратты түсіндіру үшін кәсіби пайымдауларды қолдану қажет. Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді көрсетуді жалғастырса, экономикалық жағдай қаржы нарығында белсенділік көлемін шектеуді жалғастыруда. Нарықтық баға белгілеу ескірген болуы мүмкін немесе сату құнын төмен бағамен көрсетеді, осыған байланысты қаржылық құралдардың әділ құнын көрсетпеуі мүмкін. Қаржылық құралдардың әділ құнын белгілеген кезде басшылық қолда бар барлық нарықтық ақпараттарды пайдаланады.



## 29 Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархияның деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-ші деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (бағасы белгіленбейтін) құн бойынша бағалар жатқызылады, (ii) 2-ші деңгейге – барлық пайдаланылатын елеулі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тура немесе жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынған (яғни, мысалы бағалар), және (iii) қадағаланатын нарықтық деректерде негізделмеген бағалар болып табылатын 3-ші деңгейлі бағалар (яғни, қадағаланбайтын бастапқы деректерде негізделген).

Компанияның барлық қаржылық құралдары амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Олардың әділ құнның 3-ші иерархиясы деңгейіндегі әділ құны ақша қаражатының дисконтталған ағынының әдісі көмегі арқылы бағаланды.

### Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемелі құралдарды бағалаудың әділ құны өтеуге дейінгі мерзімі мен ұқсас несиелік тәуекелдері бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін, пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымын алуға күтілетін сомалар негізінде анықталады. Дисконттаудың қолданылған нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне тәуелді. Қаржылық дебиторлық берешектің, ақша қаражаттарын және олардың эквиваленттерін және басқа қаржылық қысқа мерзімді активтерінің баланстық құнын өтеу мерзімінің қысқа мерзімділігіне байланысты, шамамен оның әділ құнына тең.

### Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

1-деңгейлі несиелердің әділ құнын бағалау нарықтық баға белгілеуге негізделеді.

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі және белгіленген өтеу мерзімі бар құралдардың бағаланатын, нарықтық бағасы белгіленбеген әділ құны ұқсас несиелік тәуекелдері мен өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін әрекет ететін пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, бағаланатын ақша ағымына байланысты анықталады. Қаржылық кредиторлық берешектің баланстық құнын өтеу мерзімінің қысқа мерзімділігіне байланысты, ол шамамен оның әділ құнына тең.

Төменде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құн талдауы және әділ құн бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны келтірілді.

Қазақстан теңгесімен, мың	31 желтоқсан 2016 ж.				31 желтоқсан 2015 ж.			
	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Теңгерімді к құн	1-деңгей Әділ құн	2-деңгей Әділ құн	3-деңгей Әділ құн	Теңгерімді к құн
<b>АКТИВТЕР</b>								
Ақшалай қаражат және олардың эквиваленттері	-	-	4,812,476	4,812,476	-	-	6,635,292	6,635,292
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	-	27,394,854	27,394,854	-	-	26,626,827	26,626,827
Қаржылық дебиторлық берешек	-	-	-	-	-	-	2,103,822	2,103,822
Алу үшін дивидендтер	-	-	2,436,471	2,436,471	-	-	2,634,314	2,634,314
Берілген несиелер	212,098	-	50,003,373	50,223,373	6,835,820	-	57,927,506	64,947,706
<b>Барлық қаржылық активтер</b>	<b>212,098</b>	<b>-</b>	<b>84,647,173</b>	<b>84,867,173</b>	<b>6,835,820</b>	<b>-</b>	<b>95,927,761</b>	<b>102,947,961</b>
<b>Міндеттемелер</b>								
Несиелер	167,789,851	-	65,786,858	237,267,334	164,224,827	-	69,059,547	248,501,216
Қаржылық кредиторлық берешек	-	-	907,796	907,796	-	-	2,826,048	2,826,048
Берілген қаржылық кепілдіктер	-	-	1,432,273	1,432,273	-	-	1,644,699	1,644,699
<b>Барлық қаржылық міндеттемелер</b>	<b>167,789,851</b>	<b>-</b>	<b>68,126,927</b>	<b>239,607,403</b>	<b>164,224,827</b>	<b>-</b>	<b>73,530,294</b>	<b>252,971,963</b>

### **30 Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар**

2017 жылдың бірінші тоқсанында «Сбербанк России» АҚ ЕБ-мен Кредиттік келісімге сәйкес, Компания 2 жыл мерзімге 13% жылдық мөлшерлеменен 3,402,000 мың теңге сомасында заем алды.

2017 жылы ақпанда Компания «ҚС-131А-ны кейіннен бөлшектей отырып «Горный Гигант» ҚС-220/110/10 кВ №131А жүктемесін «Ерменсай» ҚС-220/110/10-10 кВ 160А-ға 110 кВ желілері бойынша ауыстыру» жобасы бойынша шығындарды қаржыландыру мақсатында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ еншілес ұйымына 1,089,171 мың теңге сомасында ақшалай қаражатты инвестициялады.

2017 жылы наурызда Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ға № БАК-48 от 17.03.2010ж. кредиттік шарттың негізгі заемының ағымдағы бөлігінде 2,381,109 мың теңге сомасында төлем жасады.